

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
құқық қорғау органдары академиясы**

ТАТИМБЕКОВ ДАНИЯР ТОЛЕГЕНОВИЧ

**«Қазақстан Республикасында мал ұрлауға қарсы іс-қимыл
шараларының өзекті мәселелері»**

**«7М12301-Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер магистрі
дәрежесін алуға арналған жоба**

**Ғылыми жетекші:
Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
Институтының арнайы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы
заң ғылымдарының кандидаты,
әділет кеңесшісі.**

С. Августхан

Косшы, 2021

Түйіндеме

Жоба кіріспе, 3 бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі жалпы көлемі 68 парақтан тұрады.

Қазақстандағы мал ұрлығы қылмысының алдын алудың маңызды аспектілері: мал ұрлығының жасалуына әсер ететін жағдайлар үшін қылмыстық жауаптылықты тәжірибеге енгізу, меншік иелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал ұрлығына себеп болатын жәйттарды анықтау қарастырылады.

Ғылыми жаңашылдық дәрежесі көрсетілген бағыттарда заңнамада ескерілмей қалған тұстары бойынша ұсыныстар мен ауылшаруашылық жануарларын ұрлықтан қорғауды жақсарту жөніндегі ұсыныстардан тұрады.

Автордың практикалық қызметін есепке ала отырып, мал иелеріне тиімді және ыңғайлы болуы үшін ауылшаруашылық жануарлары есебін жүргізудің автоматтандыру процесі ұсынылды.

Резюме

Проект состоит из введения, 3 глав, заключения, списка использованной литературы общим объемом 68 страницы.

Рассмотрены важные аспекты предотвращения хищений скота в Казахстане: введение уголовной ответственности за обстоятельства, которые подталкивают на совершение скотокрадства; обеспечение безопасности владельцев; выявление основных причин кражи скота.

Степень научной новизны включает в выработке законодательных рекомендации в данной сфере, а также предложения по улучшению защиты сельскохозяйственных животных от воровства.

С учетом практической деятельности автора для комфорта и удобства владельцев животных был предложен процесс автоматизации учета сельскохозяйственных животных.

Summary

The project consists of an introduction, 3 chapters, a conclusion, a list of used literature, in total - 68 pages.

The important aspects of preventing cattle theft like as the introduction of criminal liability for circumstances affecting the commission of cattle theft, ensuring the safety of owners, identifying the causes of cattle theft are considered in this work.

The degree of scientific novelty includes recommendations on areas that are not covered by legislation in these areas, and proposals for improving the protection of farm animals from theft.

Taking into account the practical activities of the author, for the convenience of animal owners, a process for automating the accounting of farm animals was proposed.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ҰРЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНЕЗДЕМЕСІ	
1.1 Ұрлық үшін жауаптылық институтының пайда болу және даму тарихы.....	10
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	
2.1 Қазақстан Республикадағы мал ұрлығының салыстырмалы жай-күйі, құрылымы және серпіні	17
2.2. Қазақстан Республикасында ұрлық жасауының себептері мен шарттары	23
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ЖҮЙЕСІ	
3.1 Ұрлықтың алдын алу бойынша жалпы әлеуметтік және арнайы-криминологиялық шаралар	27
3.2. Мал ұрлығының алдын алуға байланысты заңнаманы жетілдіру және соған байланысты мәселелерді шешу жолдары.....	35
3.3. Ұрлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары.....	53
ҚОРЫТЫНДЫ.....	58
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	61
ҚОСЫМША	66

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:

Аталған магистрлік жобада келесідей белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
ІО	Ішкі істер органдары
ҚР ЖС	Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Кіріспе

Жұмыстың жалпы сипаттамасы және маңыздылығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 02 қыркүйек 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауының екінші бөлігін азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арнап, жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға қатысты қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатаңдату қажет деп атап өтіп, бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсыраған болатын [1].

Аталған тапсырманы іске асыру мақсатында, 2019 жылдың 27 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойған болатын [2].

Қабылданған өзгерістер мен толықтыруларға байланысты мал ұрлығы қылмыстық кодексте жеке бап болып бөлініп шықты. Яғни, ҚР ҚК-нің 188-1-бабының 2, 3, 4 - бөліктері ауыр қылмыс санаттарына жатқызылып, тек бас бостандықтан айыру туралы жазаны қарастырды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, мал ұрлығының алдын алу шараларының өзгеруі нәтижесінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша республика көлемінде тіркелген мал ұрлығының саны 27,5%-ға (4 746-дан 3 441-ге дейін) айтарлықтай кемігені байқалады. Мал ұрлығы жалпы тіркелген қылмыстың 2% құрайды (163 226-дан 3 441).

Шығыс Қазақстан облысы бойыншада соңғы 5 жылда 22% төмендеген. 2016 жылы 478 қылмыс тіркелсе, 2020 жылы 371 мал ұрлығы тіркелген.

Жылдар бойынша бөліп қарайтын болсақ, 2016-478, 2017-407, 2018-473, 2019-376, 2020-371 [3].

Ал, 2020 жылды 2019 жылмен салыстырғанда 3-қылмысқа, яғни 0,8% ғана азайған. Демек, заң күшейседе Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстың жасалу қарқыны басылмай тұр.

Көріп отырғандай талданып отырған қылмыс деңгейі айтарлықтай өзгермеген. Себебі, мал ұрлығына қарсы қабылданып жатқан шаралардың тиімділік дәрежесі төмен және мал иелеріне мемлекет тарапынан жағдай жасалмағандықтан өз нәтижесін бермей отыр деуге болады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне жүгінсек, ауылшаруашылығының экономикалық өсу қарқынын 2020 жылдың қаңтар, ақпан айларымен салыстырғанда 2021 жылдың қаңтар, ақпан айларында 103,1% артқан. Бұл өте жақсы нәтиже [4].

Дегенменде, еліміз ауылшаруашылық бағытындағы мемлекеттердің бірі екенін ескерсек, ауылшаруашылық жануарларына қатысты жасалатын ұрлықтың нәтижесі ел экономикасына кері әсерін тигізбей қоймайтыны анық.

Сондықтан, президенттің мал ұрлығы қылмысының төңірегінде қордаланған мәселелер бар екенін және оларды заңнамаға өзгеріс енгізу арқылы шешу мүмкін екенін ескеріп бүгінгідей нақты қадамға барғаны мәлім.

Жасалған зерттеулер мен мал ұрлығы бойынша статистикалық мәліметтерді зерделей келе, дәл қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында аталған қылмыстың алын алумен байланысты бірқатар мәселелер бар деген қорытындыға келуге болады.

Мал ұрлығының жасалуына бірнеше себептерді атап өтуге болады. Ол мәселелер бүгінгі күнге дейін болған және қазірде бар. Сондықтан, ауылшаруашылығы саласын реттейтін бірқатар нормативті құқықтық актілермен қылмыстық заңнамаларға толықтыру мен түзетулер енгізуді жөн деп санаймын. Себебі, оны қажет ететін заңнамалар мен мал ұрлығына қатысты заңнамада ескерілмей қалған тұстар жетіп артылады.

Құқық қорғау органдарымен ұрлық, соның ішінде мал ұрлығының алдын алу бағытында аз жұмыстар жасалып жатқан жоқ. Алайда, оның тиімділігі мен басқада мемлекеттік мекемелермен өзара тығыз байланыстары жеткіліксіз деңгейде. Бұны, мал ұрлығы қылмысының алдын алу субъектілеріне қажетті әдістемелік құжаттардың жетіспеушігімен қатар оның сапасымен байланыстыра едім.

Мал ұрлығы қылмыстарының орын алуына тікелей әсер ететін криминологиялық фактордың бірі мал иелерінің салғырттығы. Сонымен қатар, халықтың толықтай жұмыспен қамтамасыз етілмеуін, соның ішінде кейбіреулерінің бұрын сотты болуларын айта кеткен жөн.

Тәжірибе көрсеткендей, аумақтық деңгейде жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау органдары арасында қажетті деңгейде қызметтік қатынастар орнамауда. Сондықтан, мал ұрлықтарының алдын алуға барлық мүдделі органдарды жүйелі түрде үйлестірілген шаралар қолдануға мүмкіндік беретін мекеме аралық бағдарламалы құжат қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша, мал ұрлығының алдын алуға қатысты қажетті шаралардың мақсаттылығы мен тиімділігі қылмыс деңгейінің азайуымен қатар, азаматтардың мемлекет пен құқық қорғау органдарына деген сенімдерінің жоғарылауына айтарлықтай әсер етеді.

Мал ұрлығына қарсы бағытталған тиімді шараларды қабылдау мәселесі және келтірілген жәйттардың барлығы зерттеу тақырыбының маңыздылығына дәлел бола алады. Мал ұрлығының Қазақстан Республикасында басымдылыққа ие болуы тек ғылыми қызығушылықты танытып қана қоймай, үлкен қолданбалы мәнге ие.

Зерттеудің мақсаттары мал ұрлығы қылмысының алдын алуға қатысты тиімді әдістерді қалыптастыру, оларды тәжірибеде жүзеге асыру, аталған қылмысқа қатысты заңнамада ескерілмей қалған тұстарын жетілдіру мақсатында толықтырулар әзірлеу.

Жобаның қойылған мақсатына жету үшін келесідей міндеттер қарастырылады:

- мал ұрлығы қылмысының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері мен негізгі себептерін анықтау,
- олардан шығу жолдарын қарастыру,

- тәжірибеде жиі кездесетін сұрақтарды талдау,
- заңға енгізуге болатын өзгерістер мен толықтыруларды жүйелеу және ұсыну.

Зерттеудің объектісі. Мал ұрлығы қылмысының алдын алу процесінде туындайтын құқықтық қатынастар жиынтығы.

Зерттеу пәні. Қазақстан Республикасындағы ұрлықтың қазіргі жағдайы, құрылымы және динамикасы, аталған қылмысқа қатысты жалпы әлеуметтік шаралар жүйесі, арнайы-криминологиялық және құқықтық ескерту, ұрлықтың алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелері;

Тақырыптың зерттеу деңгейі мен ғылыми зерттеулермен байланысы. Ұрлықпен күресудің әртүрлі мәселелері Ю.М. Антонян, А.Г.Безверхов, А.И. Бойцов, Б.В.Волженкин, И.М. Халперин, М.А. Гельфер, Н.А. Карпова, И.А. Клепицкий, С.М. Кочои, П.С. Кригер, В.Д. Малков, А.А.Пионтковский, А.И. Парог және т. б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Алайда, егжей-тегжейлі жеткілікті дамығанына қарамастан, қылмыстық заңнаманы жетілдіру сұрақтары мен мал ұрлығына қарсы күрестің тиімді шаралары өзекті болып қала береді.

Соңғы жылдары мал ұрлығы қылмысының алдын алудың өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы жаңа Қылмыстық статистикалық және сот-тергеу қызметінің деректері мен қылмыстық-құқықтық, әлеуметтік және криминологиялық мәселелерге ұзақ уақыт бойы кешенді зерттеу жүргізілген жоқ.

Осыны ескере отырып, қорғауға мынадай ережелер енгізілді:

1. ҚР ӘҚБтК-нің 408-бабына, яғни ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын жыл көлемінде қайталап бұзғаны үшін жауаптылық қарастырылмаған. Сондықтан, «Бір жыл ішінде қайталанып жасалған дәл сол әрекет үшін» деген бөлікті қосуды [5].

2. Мал иелері тарапынан құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында жергілікті бюджет есебінен әр бас малды жаю үшін бақташыға төленетін қаражаттың 50% мөлшерін субсидиялау және өзі жаюға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға келісім шарт жасасу қажеттігін ұсынуды.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығының 30 бөлігіндегі «ауыл шаруашылығы жануарларының иелері берген арыздың негізінде жүзеге асырылды» деген сөзді «ауыл шаруашылығы жануарларының иелері арызбен жүгінуге міндетті» деген сөзбен ауыстыру және ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабына қосымша бөлік енгізіп, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді уақтылы қамтамасыз етпегені үшін жеке тұлғаның әкімшілік жауаптылығын қарастыру [6].

4. Өзі құзыреті шегінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясының мамандарына сатылымға түскен еттердің анықтамалары бар жоғын тексерумен қатар, сатылымға түсетін еттердің мөлшері туралы мәліметтерді талап ету құзыретін беру.

5. Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабы 11-1-бөлігімен жеке және заңды тұлға кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыру міндеттелген [7]. Бұл талапты бұзу ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы 1-бөлігінің 4-тармағымен жауаптылыққа әкеп соғады.

Сондықтан, жеке және заңды тұлғаларға тек өткізу үшін ғана емес, жеке тұтыну мақсатында сойылатын малдарды да арнайы сою пункттеріне апарып сойылуын заңнамамен міндеттеу және осы талаптар бұзылған жағдайда тұлғаның әкімшілік жауаптылығын қарастыру үшін ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы 1-бөлігінің 4- тармағын «Тұтыну мақсатында» деген сөзбен толықтыру қажеттігін.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылдың 26 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» № 229 Жарлығын ескере отырып [8], ұрланған малдарды немесе анықтамасыз еттерді әшкерелеу және оларға тиісінше бақылау жүргізу үшін қоғамдық тамақтану объектілеріне (*дәмхана, мейрамхана*), бизнес субъектілерімен сатылып алынған еттердің анықтамалары және олардың мөлшері туралы мәліметтерді айына бір рет мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясына жолдап тұруға заңнамамен міндеттеу қажеттігін.

7. Қылмыстық жолмен келген ауылшаруашылық жануарларын немесе олардың еттерін сатып алғаны үшін ҚР ҚК-нің 196 бабын кеңінен қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылдың 11 шілдесіндегі N 8 нормативтік қаулысына, «Көрінеу» мағынасын қалай түсіну қажеттігі ашып көрсету қажет.

8. Ендігі кезекте мал ұрлығының алдын алу және ақпарат алмасу қызметін жеңілдету мақсатында ауылшаруашылық малдарының терісі астына жануар туралы толық мәліметтер жазылған микро чиптер енгізу қажет. Оның ішіне жануардың бірдейлендіру нөмірі, түсі, кімге тиесілі екені және иесінің телефон нөмірлері туралы мәліметтер жазылады. Микро чип ішінде жазылған деректерді оқу үшін молбильді құрылғыдағы NFC қысқа қашықтықтағы байланыс технологиясы арқылы кез келген адам жануар туралы мәліметті оқуына мүмкіндігі болады.

Зерттеудің нормативтік базасы және эмпирикалық негізі.

ҚР Конституциясы, ҚР Президентінің жарлықтары мен жыл сайынғы халыққа жолдаулары, ҚР-ның қылмыстық кодексі, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, ҚР-ның «Ветеринария туралы» Заңы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарымен қатар, мал ұрлығы қылмысының профилактикасына қатысты басқада нормативтік және нормативтік емес құқықтық құжаттар.

Зерттеудің теориялық негізі. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, сондай-ақ диссертацияның (жобаның) проблематикасына

катысты монографиялық жұмыстары, мерзімді баспасөздегі мақалалары, ғылыми-практикалық және теориялық конференция материалдары.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Талдау, синтез, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістері, тарихи-құқықтық, логикалық-заңды, құрылымдық-функционалдық және техникалық-құқықтық әдістер.

Ғылыми жаңалық. Диссертацияда (жобада) мал ұрлығының өзекті мәселелері мен негізгі себептері анықталып, олардың шешу жолдары жан-жақты зерттеліп қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы құқықтық пәндер кафедрасында, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау басқармасында практикалық іске асыру жөніндегі негізгі ережелер, ұсыныстар мен ұсынымдар талқыланды.

Зерттеу шеңберінде мал ұрлығы қылмысының негізгі себептерін анықтауға, нәтижесі бойынша тиімді әдістерді қалыптастыру мақсатында халық арасында әлеуметтік желі арқылы сауалнама жүргізілді.

Мал ұрлығының алдын алуға байланысты өзекті мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ғылыми мақалалар жинағынан көрініс тапты.

Диссертацияның құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ мәселенің ғылыми даму деңгейіне байланысты, кіріспеден, жеті бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған дереккөздер тізбесінен, қосымшалардан тұрады.

1. ҰРЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНЕЗДЕМЕСІ

1.1. Ұрлық үшін қылмыстық жауаптылықтың қалыптасуы мен даму тарихы.

Мемлекет қалыптасқан сәттен бастап және оның дамуының барлық кезеңдерінде қылмыстық заңнама алғашқы қайнар көздерінен бастап мүлікті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз етіп ұрлық қылмысы үшін жаза белгілеген.

Қазақстанның қылмыстық заңнамасын дамытуда келесідей төрт негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады:

1) Ресей империясына қосылғанға дейінгі қазақ құқығы (XV ғ. – XIX ғ. екінші жартысы);

2) Ресей империясының құрамына кіру кезеңіндегі қазақ құқығы (XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басы);

3) Кеңес кезеңіндегі қылмыстық заңнама (1917 – 1991 жж.);

4) Тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық заңнамасы (1991 ж. кейін)

Ұзақ уақыт бойы қазақ құқығының негізгі қайнар көздері құқықтық әдет-ғұрып, әдет - ауызша әдет-ғұрып жиынтығы, әр түрлі жағдайлардағы адамдардың мінез-құлық нормалары болған.

Қазақстанның ұлттық құқығының қалыптасуын 1465-1466 жылдары Қазақ хандығы кезіндегі қазақ мемлекеттігінің құрылу сәтімен байланыстыру қалыптасқан.

Осы кезеңдерден бастап ауызша құқықтық әдет-ғұрыптар жиынтығы мен ережелердің қалыптасуына алғашқы әрекеттер жасалып, қазақ хандарының күшімен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның Жеті жарғысы атты қазақ құқығының ескерткіштері құрылған. «Жеті Жарғы» бұл, заңдардың ішіндегі ең танымалы, бізге дейін жеткен хандық кезеңнің (XV-XIX ғғ.) кодификацияланған құқықтық әдет-ғұрыптар жиынтығы [9].

XIX ғасырдың басына дейін әдет нормаларында қылмыс пен құқық бұзушылық ұғымдарының арасында нақты айырмашылық болған жоқ. «Қылмыс» ұғымының орнына «жаман іс, жаман қылық» сөздері қолданылған. Қылмысты, жәбірленушіге келтірілген ірі мүліктік немесе рухани зала ретінде түсінген [10].

Мүліктік қатынастарға қарсы барлық қылмыстар бір сөзбен ұрлық деп аталған. (Ұры деген сөзден шыққан). Көшпелі халықтың негізгі құндылығы төрт түлік мал болғандықтан көп жағдайларда ұрлықтың пәні мал болып табылған. Ал басқа мүліктердің ұрлығы сирек орын алған [11].

Бұл ретте қазақтың әдеттегі құқық нормалары қылмыстардың саралау түрлеріне, яғни ұрланған заттың бағасына, қылмыстардың бірінші рет немесе қайталанып, сонымен қатар адамдар тобымен жасалуына байланысты бөліп көрсетті. Осы белгілердің болуымен жазаның түрлері мен мөлшеріне байланысты болған, әдетте айыппұл, ал кейбір жағдайларда өлім жазасы қарастырылған.

Әдетке сәйкес, бірінші кезекте ұрлық жасаған тұлғаға ұрланған мүлікті (малды) қайтартып бергізген, содан кейін ғана ұрлық дерегі бойынша оған сот шешімімен жаза, ал көп жағдайларда айыппұл тағайындалған [10].

Яғни, ұрлық жасалған кезде ұрланған заттың құны иесіне «үш тоғыз» етіп қайтарылған. Мысалы, ұрланған 100 түйе 300 жылқыға немесе 1000 қойға теңелген. Бұл баптардан біз «Жеті жарғыға» сай қылмыс істеген әр әлеуметтік таптың құқықтары заңдастырылғанын көреміз.

Қазақтың негізгі байлығы мал болғаны белгілі. Сондықтан «Жеті жарғы» заңдарына сай әр меншік иесі өз малдарына ен салуға міндеттелді. Сонымен қатар, әр рудың жайылым жер меншігі қатаң белгіленді [12].

Бұдан, Қазақ хандығы дәуіріндеде мал иелерінің құқықтары назардан тыс қалмағанын байқауға болады. Малдарға ен салынудың заңнамамен міндеттелуінің өзі ұрлықтың алын алу шараларының бірі деп түсінуге болады.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінде қылмыстарға жаза 22 шілде 1959 жылы қабылданған Қаз ССР қылмыстық кодексінің талапатына сәйкес тағайындалып, реттеліп келді. Тек, 16 шілде 1997 жылы ғана Қазақстан қылмыстық құқығының алғашқы және негізгі қайнар көзі болып табылған бірінші қылмыстық кодекс қабылданды.

Кейіннен, уақыт сүзгісінен өткен, заман сұранысына сай жаңа кодекс қабылдау қажеттілігі туындады. Соған сәйкес, 3 шілде 2014 жылы қазіргі қолданыста жүрген қылмыстық кодекс қабылданды. Кодекске енгізілген жаңалықтың бірі, қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы. Олар екі бөлімнен тұратын, қоғамдық қауіптілік деңгейі мен келтірілетін залалдардың деңгейі бойынша «Қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтар» - деп бөлінді.

Зерттеліп отырған мал ұрлығы қылмысы бойынша жауаптылық мәселесі егеменді еліміздің қылмыстық заңнамасында осы уақытқа дейін жеке қылмыс құрамы ретінде қарастырылмаған. Тек жалпылай ұрлық қылмысы ертінде сараланып келді.

Тек, 2019 жылдың соңында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мал ұрлығы қылмыстық кодексте ҚР ҚК-нің 188-1-бабы болып бөлініп шықты. Аталған баптың 1-бөлігі ауырлығы орташа санаттағы қылмысқа жатқызылса, 2, 3, 4-бөліктері ауыр қылмыс санаттарына жатқызылып, тек бас бостандықтан айыру туралы жаза қарастырылған.

Бұл жаңашылдық Тәуелсіз Қазақстан тарихында бірінші рет орын алып отырғанымен, КСРО-ның қылмыстық заңнамасында қарастырылып кеткен мәселе болатын.

Ендігі кезекте мал ұрлығы үшін жауаптылықтың пайда болуы мен оның шығу тарихына үңілетін болсақ, қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінде ерте заманнан бастап қалыптасып қалған барымта деген ұғым бар. Барымта алғашқы уақытта «қанға-қан, жанға-жан» дәстүрі адам мен адам, ру мен ру арасындағы қастықты күшейткіктен, кек қайтаруды құн төлеумен алмастырып, егер де кінәлі жақ әр түрлі белгілі немесе белгісіз себептермен көрсетілген құн мөлшерін төлей алмаса, немесе бас тартса

ақсақалдар алқасының, билер сотының шешімімен барымта жасауға, яғни, оған тиесілі өрістегі малын айдап алып кетуге рұқсат берілген.

Сондықтан барымтаны ұрлықпен, тонаушылықпен, шапқыншылықпен шатастыруға болмайды. Кезінде барымтаны кегі қайтпаған, есесі кеткен жақ жариялы түрде жасаған. Оған біреудің ақ баталы жесірін не некелі әйелін азғырып әкету, кісі өлтірген жақтың кесімді құнды төлей алмауы, біреудің қорық жеріне мал жайып, қыс қыстауына, жаз жайлауына рұқсатсыз қону, ортаға түскен олжадан тиісті үлес-сыбаға бермеу, тойға шақырмай, елеусіз қалдыру, т.с.с. дала заңына, салт-санасына қайшы келетін жәйттар себеп болған. Сондықтан, барымталаушының ісі заңды әрекет саналған.

Егер барымта шектеулі мөлшерден артық жасалса, онда жапа шеккен жақ қарымта қайтарған. «Барымтаға — қарымта» деген мәтел соған байланысты шыққан. Екі жақтың дауы біткен кезде барымталанған мал, мүлік түгелдей есепке алынған. Ал санаққа ілінбей, білінбей қалғандары сырымта ретінде сіңіп кеткен. «Білсе — барымта, білмесе — сырымта» деген сөз де содан қалған [13].

Кейіннен, 1921 жылы 9 желтоқсанда КСРО ХКК "Құнның күшін жою туралы" Декрет қабылдады. Сол кезде қанды кек алуды жою үшін күрес басталды. Құнның ақысын төлеуге де, қабылдауға да тыйым салынды. Кеңестердің жалпықазақ Құрылтай съезі барымтаны қазақ әдеттегі құқығының реакциялық институты ретінде айыптады.

Барымтаның жолын кесу үшін Қазақстан ОСК 1921 жылдың 10 қарашасында мал ұрлығымен күрес туралы қаулы қабылдады. Аталған қылмысты жасаған кінәлілер мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүлкті ұрлағаны үшін бас бостандығынан айырылды [13].

XIX ғасырдың басынан бастап адат түріндегі әдеттегі құқық нормаларымен қатар мұсылман құқығы (шариғат) нормалары Қазақстанның әр түрлі аймақтарында қолданыла бастады [23].

Мұсылман құқығы ұрлықты «хадд» («Аллаға қарсы қылмыстар») - «Алланың құқықтарына» қол сұғып, исламның негізгі құндылықтарын бұзумен байланысты қылмыстар деп санайды. Кеңестік исламтанушы А.Ахмедов атап өткендей, «Құран» байлықты асқан махаббатпен сүюді» құдайлық деп санамаса да, исламның доктриналық кітаптарында жеке меншік құқығын қорғау өте батыл жүзеге асырылады». «Алланың саған басқалардан артықшылық бергенін қаламаңдар», - деп талап етеді Құранда. «Оларды сынау үшін біз оларға бірнеше ерлі-зайыптыларға сыйлаған нәрсеге - көздеріңді жұмып қарамаңдар» деп бұйырады [15].

Ұрлықты «хадд» санатындағы қылмыс деп танудың алғышарты ұрланған заттың мұсылман құқығында рұқсат етілгендігі болды (мысалы, шарап немесе шошқа етін ұрлау хадд қылмысы деп саналмады). Ұрланған мүліктің құны белгілі бір шектен төмен болмауы керек, ол әртүрлі түсіндірулердің қорытындылары бойынша 1/4 тен 1 динараға дейін белгіленеді [16].

Осы санаттағы қылмыстарды жасағаны үшін қатаң түрдегі жазалар белгіленді. Құран Кәрімде айтылғандай: «Алладан қорқуы үшін алғанының ақысы ретінде ұрының қолдарын кесіп алыңдар. Расында, Алла Ұлы және

ақыл иесі! Кімде кім әдепсіз әрекет жасағаннан кейін оны түзетсе, онда Алла - Кешірімді, Мейірімді!» Ұрлық жасағаны үшін бірінші рет қылмыскер оң қолын кесу арқылы жазаланды, екінші ұрлық үшін сол аяғын кесіп тастауы керек (түсіндіруіне байланысты - тобық немесе тізе), үшінші рет - сол қол, ал төртінші рет - оң аяқты кесу жолымен жазалаған.

Егер бірнеше адам бірлесіп ұрлық жасаса, олардың барлығына бірдей жауаптылық жүктелген. Ұрлыларды жауапкершіліктен босатып, оларды кешіруге билік қылмыс туралы білгенге дейін ғана жәбірленушіге рұқсат етілген. Бұл жағдайда қылмыскер соттың шешімі бойынша «тазир», яғни әр түрлі жазалануы мүмкін [16].

XVIII ғасырдың 30-жылдары басталған Қазақстанның Ресей империясына қосылуы тек XIX ғасырдың ортасында аяқталды. Осы кезеңде билер де, орыс соттары да Қазақстан аумағында бір уақытта жұмыс істеді. 1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» барлық сот істерін үш түрге бөлді (қылмыстық, сот ісі және кеңсеге қарсы шағымдар) және соттардың өкілеттіктері мен мұндай істердің юрисдикциясын анықтады. Дирекцияға қатысты қылмыстық істер мен шағымдар аудандық бұйрықпен қаралды, шағымдар ауылдар мен болыстардағы билердің көмегімен «қырғыз заңдары мен әдет-ғұрыптарына сәйкес ауызша» қаралды. Билер соты әдеттегі құқық институты ретінде кейбір өзгертулермен («ақсақалдар соты») өткен ғасырдың 20 жылдарына дейін жұмыс жасады [17].

Әдет және шариғат нормаларымен қатар, Ресейдің қылмыстық заңнамасының ережелері қолданылды, ал патша үкіметі әдеттегі құқықтың қылмыстық нормаларын Ресей империясының заңдарымен алмастыру үшін мақсатты саясат жүргізеді.

1823 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығының бұйрығымен Омбыда арнайы Уақытша комитет бекітілді, ол 1824 жылы 8 ақпанда Батыс Сібір қазақтарының әдет-ғұрыптары туралы өз көзқарастарын қалыптастыру бойынша жұмысын бастады. Жұмысқа орыс шенеуніктерінен басқа қазақ старшиналары, молдалар, билер қатысты [18].

Осы кезеңдегі Ресей империясының қылмыстық заңнамасы ұрлық үшін жауаптылықты реттейтін бірнеше негізгі заңнамалық актілерді қамтыды.

1715 жылы қабылданған I Петрдің әскери артикулында қылмыстардың нақты жүйесі болмаған, ұрлық жасағаны үшін жауапкершілік 185 - 195 баптармен бекітілген. Ұрлықтың тақырыбына, ұрлау әдісіне, қайталануына байланысты әр түрлі ұрлық түрлері қарастырылған, адамдар тобының жасауы және қылмыс жасалған орта. Жазаның негізгі түрі шіркеу мүлкін немесе киелі орындарды, өрт немесе су тасқыны кезінде мемлекеттік мекемеден, оның қожайынынан ұрлаған адамдарға өлім жазасы болды.

Жаза ұрыға ғана емес, оған кез-келген көмек көрсеткен, ұрлық туралы білетін, жасырған, біле тұра ұрланған мүлікті сатып алған немесе сатқан адамдарға да қарастырылды (190-бап).

189-бапта ұрланған мүліктің мөлшері қылмыстың ауырлығының мөлшері ретінде көрсетілген: «Егер біреу ұрлық үстінде ұсталса, ал ұрланған заттардың саны жиырма рубльден аспаса, онда ауыр емес жазалар

тағайындаған, ал егер қайталанса мұрнын және құлағын кесіп, ауыр жұмысқа жіберіп, ұрланған зат әрқашан тартып алынған» [19].

Сонымен қатар, 1715 жылғы Артикул жазаны жеңілдетуге жағдай қарастырылған: «Ұрлыққа қатысты жаза әдетте жеңілдетілген немесе орындалуы кешіктірілген. Егер аштықтан біреу тамақ ішу, тамақ ішуге мұқтаж болса, ақыл-ойдан айырылған адамның ұрлық жасауы немесе ұры жас бала болса оларды дұрыс жолға салу үшін ата-анасына жазалауға тапсырған».

1781 жылы қабылданған «Әр түрлі типтегі ұрлық үшін сот, жазалау және жұмысшылар үйін құру туралы» қабылданған империялық жарлықта алғаш рет «ұрлық» термині меншікке қарсы қылмыстардың жалпы термині ретінде анықталып, олардың ұрлық -қарақшылық, ұрлық-жасырын жымқыру және ұрлық-алдау түріндегі үш типі анықталған [20].

XIX ғасырдың 30-жылдарында Николай I тұсында басталған Ресей заңнамасын жүйелеу процесінің нәтижесі 1832 жылы Ресей империясының заңдар жинағын қабылдаумен аяқталды. Оның 15-томының құрамы қылмыстар үшін жазаларды тағайындау мен орындау туралы ең алғашқы заңды қамтыды.

Мүліктік қылмыстар мүлікке және қазынашылық кірістерге қарсы қылмыстар (жетінші бөлім) және жеке меншікке қарсы қылмыстар (он екі бөлім) болып бөлінді. Кодекс қылмыстық заңға белгілі меншікке қарсы қылмыстардың барлық негізгі элементтерін қамтыды: ұрлық, тонау, қарақшылық, жымқыру, әртүрлі формалардағы алаяқтық, бөтеннің мүлкін жою және бүлдіру. Бұл жағдайда «ұрлау» термині ұрлық, тонау, қарақшылық немесе алаяқтыққа қатысты: «1626. Бөтеннің мүлкін ұрлау, осы қылмыстың түрлеріне және онымен байланысты жағдайларға байланысты, тонау, қарақшылық, ұрлық немесе алаяқтық болып саналады».

Ұрлық үшін жауапкершілік «Ұрлық туралы» үшінші бөлімде қарастырылған. 1644-тармаққа сәйкес «Кез-келген адам кез келген тәсілмен, бірақ жасырын түрде, зорлық-зомбылықсыз, қоқан-лоққысыз және жалпы алғанда тонау немесе тонау мүлкіне жататын жағдайларсыз жеке заттарды, ақшаны немесе басқа жылжымалы мүлікті ұрлау ұрлық деп танылады» [21].

1864 жылы 20 қарашада Әлемдің соттармен тағайындаған жазалар туралы Жарғы бекітілді (1889 жылы Әлемдік соттар жойылды, ал 1912 жылы қалпына келтірілді). Жарғы 1845 жылғы кодексті толықтырды, онда қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар Кодексте бастапқыда қылмыс ретінде қарастырылған кейбір іс-әрекеттер енгізілген.

Ұрлық үшін жауапкершілік Жарғының 13 тарауында («Бөтеннің мүлкіне қатысты теріс қылықтар туралы») қарастырылған, оған «Ұрлық туралы» бөлім кірген (169-172 баптар).

Жарғы бойынша үш жүз рубльден аспайтын затты ұрлағаны үшін қылмыскерлер үш айдан алты айға дейін бас бостандығынан айырылған (169-бап).

Жарғыда ұрлық ұғымы ашылмаған. Мысалы, Н.С. Таганцев ұрлық деп оған кедергі болатын жәйттарды жою немесе жол бермеу арқылы бөтеннің

мүлкін өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына оны өз меншігі ретінде қарау ниетімен жасырын және өтеусіз тәркілеу деп анықтады.

Сонымен қатар, Н.С. Таганцев Кодексте көзделген мүліктік қол сұғушылықтардың барлығын 4 түрге бөлді:

- 1) ұрлық,
- 2) қарақшылық,
- 3) бопсалау
- 4) қорқытып алушылық

Сонымен бірге, кодекстің алғашқы жобасы бөтеннің мүлкін ұрлаудың барлық түрлерін, оның ішінде жылжымалы мүліктердің қылмыстарын «мүлікке қарсы қылмыстарды жалпы тұжырымдамасына» толық біріктіруді ұсынды [22].

Кодекстің 581 бабына сәйкес ұрлық, басқа біреудің жылжымалы мүлкін иемдену мақсатында жасырын немесе ашық түрде ұрлау ретінде саналды. 1885 жылғы Кодекстегідей, әзірлеушілер ұрланған мүліктің құнына, қол сұғу объектісіне және оны жасау ортасына, әдісіне, орны мен уақытына, қатысушылардың санына байланысты ұрлықтың мүмкіндігінше көп түрлерін қарастыруға тырысты [73].

Кодекске «кәдімгі» ұрлықпен қатар «ауырлататын» (ұрланған заттардың құны 500 рубльден асқанда) және «жеңіл» (50 копейкадан аспайтын мөлшерде, үкім шыққанға дейін ерікті түрде ұрланған заттың құнын өтеген жағдайда) сияқты түрлері енгізілген.

581-бап «ерекше батылдықпен; сенімге қайшы; аулаға, ғимаратқа немесе басқа үй-жайға немесе қоймаға кіруге кедергі болатын кедергілерді жойған кезде; теміржол пойызының жүрісі кезінде немесе ол тоқтаған кезде; түнде; егер ұрланған зат жәбірленушіні тамақтандыру үшін қажетті болса» сияқты жасалған ұрлықтың саралану түрлерін қарастырады,

2014 жылы қабылданған жаңа қылмыстық кодекс қылмыстық құқық бұзушылық түсінігін қалыптастырды. Яғни оны қылмыс пен қылмыстық теріс қылық деп екі категорияға бөліп, оларды шоғырландыру мақсатында ұсақ ұрлық үшін қылмыстық жауаптылық қарастыруға және жазаны күшейтуге бағытталған қадам жасады. Егер бұрын, 1997 жылғы қылмыстық кодекс бойынша 10 АЕК мөлшерінен аспайтын шығын келтірген әрекеттер ұсақ ұрлық ретінде әкімшілік жауаптылықты қарастырған. Ал қазіргі уақытта қылмыстық теріс қылыққа жатады.

Ұрлық үшін жауаптылық туралы Қазақстанның қылмыстық заңнамасының пайда болуы мен дамуы туралы тарихи талдаудың нәтижелерін саралай келе келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Ұрлық үшін қылмыстық жауапкершілік Қазақстанның қылмыстық заңнамасында оның дамуының барлық кезеңдерінде қарастырылған және ұрлық тақырыбына байланысты объективті немесе субъективті белгілері бойынша сараланған.

2. Ұрлық әрқашан өте қауіпті қылмыс түрі ретінде танылған, ол үшін өлім жазасы, тән жазасы, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру немесе жоғары мөлшерде айыппұлдар қарастырылған.

3. Ресей империясы мен КСРО заңдары ұзақ уақыт бойы мемлекеттік (үкіметтік) немесе қоғамдық меншікке және жеке адамдардың мүлкіне қатысты ұрлық жасағаны үшін жауапкершілік арасында айырмашылық болған.

4. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерді көрсетеді және қазіргі кезеңдегі қылмыстық саясаттың негізгі қағидалары мен бағыттарына сәйкес келеді.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Қазақстан Республикадағы мал ұрлығының салыстырмалы жай-күйі, құрылымы және серпіні

Меншік мемлекеттің экономикалық негізін, оның саяси, басқарушылық, құқықтық және басқа да ұстанымдарын білдіреді. Меншікті қорғау, оны қорғау жағдайларымен қамтамасыз етумен оған қатысты тұрақтылыққа кепілдік беруге міндеттелетін мемлекеттің негізгі функцияларының біріде бірегейі болып қала береді.

Меншікке қарсы қылмыстар, соның ішінде ұрлық қылмысы қашанда жасалатын қылмыстардың үлес салмағынан маңызды орын алатыны анық. Ұрлық – пайдакүнемдік мақсаттағы кең таралған қылмыстардың ғана емес, жалпы массадағы қылмыстардың динамикасына елеулі әсер етеді [24].

БҰҰ-ның қылмыс тенденциялары туралы 1970-1990 жылдар аралығында жүргізілген шолуына сәйкес, ұрлық кең таралған қылмыстардың ішіндегі үлес салмағы дамушы мемлекеттерде 70%, дамыған елдерде шамамен 80% құрайды. Бұл ретте ұрлық тек қылмыс құрылымында ғана басым болған жоқ, олар бәрінен де қарқынды өсті, әсіресе дамыған елдерде. 1975 жылы ұрлықтың деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда шамамен 2 100 құрады, 1980 жылы – 2 500, ал 1985 жылы – 4 100 болды [24].

Осындай жағдай КСРО-да байқалды. 1956 жылдан бастап 1991 жылға дейін тіркелген ұрлықтардың абсолютті саны 9,5 есе өсіп, 1 779 432 қылмысты құрады. Егер өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында ұрлық тіркелген қылмыстардың жалпы санының үштен бір бөлігін құраса, ал 90 жылдардың басында олардың үлесі 56% - ға дейін өсті.

1991 жылы жалпы тіркелген ұрлықтардың саны алғаш рет 1 миллионнан асты (1 235 414) және миллионыншы межеден төмен түспеген. Қылмыс құрылымындағы ұрлықтың үлесі 1991 жылы 55,2% құрады [24].

Еліміздегі мал ұрлығына қатысты жоғарыда айтып өткендей «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданғаннан кейін ҚР ҚК-тің 188-1 бабы «Мал ұрлығы» мүлікті тәркілей отырып 12 жылға дейін бас бостандықтан айыру жазасын қарастырады.

Бірқатар қылмыстардың ауыр қылмыстар қатарына жатқызылуы кінәлілердің қылмыстық жауаптылықтан татуласуларына байланысты босап кету мүмкіндіктерін жойды.


Заңнаманың, үйлестіру және алдын алу шараларының өзгеруі нәтижесінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша қылмыстық статистиканы талдау мал ұрлығын тіркеудің 27,5%-ға (4 746-дан 3 441-ге дейін) айтарлықтай төмендегенін көрсетеді. Жалпы қылмыстың үлес салмағы 2% құрайды (163 226-дан 3 441).

Мәні бойынша қарау үшін сотқа 653 (873) қылмыстық іс жолданды, 338 (1470) бойынша ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылды, 1650 (2 921) бойынша тергеу мерзімдері үзілді (47%), 800 – өндірісте болған.

Тергеудің толық болмауына және дәлелдемелердің дұрыс бағаланбауына байланысты прокурорлар 308 (432) нұсқау берді, тоқтату туралы 90 (159) және қылмыстық істердің мерзімін үзу туралы 91 (108) процессуалдық шешім заңсыз деп танылды.

Үлес салмағына қарай 2020 жылы үлкен тіркеу Алматы облысында – 732 (32%-ға, 1067), Шығыс Қазақстан облысында – 371 (0,8%, 374), Түркістан облысында – 415 (-36%, 646), Қызылорда облысында – 354 (-12,6%, 405), Батыс Қазақстан облысында-352 (-14,4%, 411), Ақмола облысында – 229 (-34,4%, 349), Қостанай облысында – 190 (-31,2%, 276), Жамбыл -196 (-23,7%, 257), Қарағанды – 150 (-45%, 272), Ақтөбе – 156 (-38,3%, 253), Атырау – 89 (14%, 78), Павлодар – 78 (-42,6%, 136), Шымкент қаласы – 61 (-32,2%, 90), Солтүстік Қазақстан – 52 (-45%, 94) облыстар. Динамикасы №1 кестеде.

Кесте №1



Республика бойынша мал ұрлығының бестен бір бөлігі орын алған Алматы облысында құқық бұзушылықтың осы түрінің алдын алу шаралары ұйымдастырылмаған деуге толық негіз бар. Аудан бойынша құқық бұзушылықтардың негізгі бөлігі Еңбекшіқазақ - 94, Жамбыл - 125, Іле және Кербұлақ - 41, Панфилов - 45, Ұйғыр - 39. Қылмыс жасалған жер бойынша жайылымдарда – 291, қораларда – 101 және мал жаюға бөлінбеген басқа жерлерде – 95 мал ұрлығы орын алған. Жылдан жылға мал ұрлығының орны мен тәсілдерінің өзгермеуі, бұл құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерін үйлестірудің жоқтығын көрсетеді.

Атырау облысында 14% - ға айқын өсім байқалады (78-ден 89-ға дейін). Негізінен Жылыой - 16 (5А ықшам ауданы, "Боздақ" ШҚ), Махамбет-14 (Таңдай және Еңбекші ә/а), Құрманғазы-12 (Құрманғазы, Мақаш және Сүйіндік ә/а), Қызылқоға-16 (Жасқайрат, Жанкелді және Сағыз ә/а) аудандарында ұрлайды.

Сондай-ақ ЖАО бекітетін ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ережесі сақталмайды.

Қылмыстың осы түрін ашу мәселесіне тоқтала кететін болсам, ол 41% - дан аспайды, бұл қылмыстық қудалау органдарының тиісінше жұмыс істемеуімен де, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиімсіз жұмысымен қатар бірнеше факторларға байланысты. Мал ұрлығының ашылмауы жәбірленушілер тарапынан негізді шағымдардың тууына себеп болады.

Полиция бөлімшелерінің тиісті өзара әрекеттесуінің болмауы, әсіресе тергеудің бастапқы кезеңінде, қылмыстардың ашылмауына әкеледі.

Ашылған қылмыстардың жалпы санының тек 10% - ы немесе 71 (159) жедел түрде ашылды.

Осы себепті сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары түрлі айла-тәсілдер жасауға, оның ішінде қылмыстарды жасыру, ауырлығы төмен санаттағы қылмыс ретінде саралау және т. б. арқылы барады.

Зерттеу жүргізу кезінде 2020 жылдың 12 айындағы 1-М есебінде заңсыз кіру белгілері бар орташа ауырлықтағы қылмыстар қатарынан мал ұрлығы бойынша үзілген қылмыстық істердің іріктемесі жасалды. Бұл қылмыстардың онша ауыр емес санаттарына қайта дәрежелену жолымен қылмыстық істерді ашу барысында айла-тәсілдер жасау жалғасып жатқанын көрсетті.

Мысалы, 11.01.2020 жылы Түркістан облысы ПД Арыс қ. ПБ қылмыстық қудалау органы азамат Ә-ға тиесілі үйдің сарайынан жылқы ұрлау фактісін ҚР ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігі бойынша тіркеген. Ал қылмыс Сарайға заңсыз кіру жолымен жасалған және ол ҚР ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігі (ауыр) бойынша саралануы тиіс болатын.

Сондай-ақ, 04.02.2020 жылы Арыс қ.ПБ 102 пультіне азамат А-дан шаруашылық сарайынан мал ұрланғаны туралы хабарлама келіп түскен. Бұл бойынша СДТБТ-де фактіні тіркеу ҚР ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі (ұрлық) бойынша тіркелген. Өз кезегінде аталған дерек ҚР ҚК 188-1 бабы 3-бөлігінің 2 тармағымен дәрежеленуі қажет болатын.

Малды ұрлау туралы арыздарды тіркеуден бас тарту жолымен, оларды иесінің өзінің еркін жаюда қараусыз қалдыруына сілтеме жасай отырып, қылмыстарды жасырудың теріс практикасы жалғасуда.

Өткен жылы прокурорлар мал ұрлығы туралы 18 (28) жасырын қылмысты анықтап, есепке қойған. Қадағалау қызметі барысында мұндай фактілерді прокурорлар қарсы тексерулер мен азаматтарды қабылдау кезінде анықтаған.

Шығыс Қазақстан облысында 2020 жылдың қорытындысы бойынша мал ұрлығын тіркеу дерегінің өсуі байқалуда. 2019 жылмен салыстырғанда 1,3% – ға (374-тен 379-ға дейін) өскен, ал қылмысты ашу 38,5% - ды құрады (2019 ж. - 38,6%).

Істердің жалпы санынан сотқа – 77 (62) жіберілді, 251 (340) тоқтатылды, 212 (248) – есептен шығарумен, 39 (92) – тараптардың татуласуымен, 185 (245) іс бойынша тұлғаның анықтамағаны үшін іс жүргізу тоқтатылды (245).

Аудан бойынша 2020 жылмен 2021 жылдың 3 айындағы мерзімдері үзілген қылмыстық істерді алып қарайтын болсақ көрініс келесідей.

№	Аймақ	2020 ж.	2021ж. 3 айы
1	Өскемен қаласы	1	
2	Семей қаласы	22	
3	Алтай ауданы	2	
4	Курчатов қаласы	-	
5	Риддер қаласы	1	1
6	Абай ауданы	5	1
7	Аягөз ауданы	13	2
8	Бескарағай ауданы	1	
9	Бородулиха ауданы	6	
10	Глубокий ауданы	4	
11	Жарма ауданы	27	2
12	Зайсан ауданы	5	
13	Катон-Карағай ауданы	22	
14	Көкпекті ауданы	4	
15	Күршім ауданы	10	
16	Тарбағатай ауданы	13	
17	Улан ауданы	23	
18	Урджарский	25	
19	Шемонайха ауданы	1	
		185	6

2021 жылдың 3 айы көлемінде 51 (2020 ж.-53) мал ұрлығы тіркеліп, өткен жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда 3,8% азайған.

Күршім ауданы бойынша 2020 жылы мал ұрлығы 46,7%-ға (15-тен 22-ге дейін), Катонқарағай ауданы бойынша 88,2% - ға (17-ден 32-ге дейін) өсті.

Улан ауданында 2020 жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында азамат С-ның өтініші бойынша 3 жылқы, 95 ұсақ мал және 17 ірі қара малдарды ұрлау фактілері бойынша 6 іс тіркелді.

Тергеу нәтижелері бойынша екі іс сотқа жолданып, қалған істер кінәлі тұлғалардың анықталмауына байланысты мерзімдері үзілген, залал іс жүзінде өтелмеді.

Ұрлық, соның ішінде мал ұрлығының әлеуметтік қауіптілігі жоғары қылмыс ретінде мінезделседе, ол өзінің кең таралғандығымен және экономикалық, рухани залал келтіруімен ерекшеленеді.

2020 жылы республика бойынша мал ұрлығынан келтірілген залал 478 млн теңгені құраған. Соның 271 млн (56,6%) теңгесі ғана өтелген.

Сонымен қатар, ішкі істер органдары тарапынан мал ұрлығы қылмысын жасыру деректерінде қалыс қалып тұрған жоқ.

Мысалы, Ақтөбе облысының прокуратурасы Ойыл ауданының ПБ тексеру барысында істерді жеке өндіріске бөлмеу арқылы мал ұрлығын жасырудың 2 дерегін анықтады.

Қылмыстық қудалау органдарының мал ұрлығын жою жөніндегі қызметіндегі кемшілік қылмыстың ұйымдасқан түрлерімен күрес жөніндегі жұмыстың әлсіздігі болып табылады.

Өткен жылы мал ұрлығымен күрес саласында бір ғана ұйымдасқан қылмыстық топ анықталды (2020 жылдың мамырында Түркістан облысынан).

Алайда, мал ұрлығының алдын алу үшін бұл жеткіліксіз, кешенді ықпал ету шараларын қабылдау, әсіресе шекаралық және кедендік бақылауды күшейту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралары талап етіледі.

Тиісті бақылау мен дер кезінде ден қою нәтижесінде 2020 жылдың қыркүйегінде Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшілері Өзбекстан азаматтарының 142 бас мүйізді ұсақ малды Өзбекстан Республикасы бағытына шекарадан өткізу фактісінің жолын кесті.

Жедел-профилактикалық іс-шаралар ұрланған малдың өңірден өңірге тасымалданатынын, сондай-ақ елден тыс жерлерге ауыр жүк көліктерімен, ілеспе құжаттарсыз немесе қатаң есептілік құжаттары болып табылмайтын жалған ветеринариялық анықтамалар бойынша әкетілетінін көрсетті.

Жалған ветеринариялық анықтамаларды беру және кедергісіз алу ұрланған малды ел ішінде сату және одан тысқары жерлерге заңсыз әкету кезінде мал ұрлығына ықпал ететін фактор болып табылады.

Мысалы, Ақмола облысында Степногорск ветеринарлық бақылау және қадағалау инспекциясының бас маманы Д күмәнді ет өнімдерін сатуға рұқсат бергені үшін ұсталып, 2020 жылдың 5 қазанында сотталды.

Сонымен қатар, республика бойынша талданып отырған санаттағы қылмыстың алдын алуға әсер ететін ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар проблемалар бар.

Жалпы өңірлерде Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар облыстарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) бекітілді.

2020 жылы Қағидаларды бұзғаны үшін ӘҚБтК – нің 408 – бабының 1 – бөлігі бойынша 6 350 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылған (ШҚО – 2421, СҚО – 1 847, Қызылорда – 680, Павлодар-612, БҚО-752, Қостанай-38) [25].

Мал ұрлығы қылмыстың ашылуы мен оның есептен жасырылуы жайында сөз қозғап, статистикалық мәліметтерді келтіріп отыруымның себебі, мал ұрлығы қылмысы ауыр қылмыстар санатына жатқызылғандықтан ішкі істер органдарының оң көрсеткіштеріне кері әсер еткендіктен әртүрлі айла әрекеттерге баратынын айтып өткім келді.

Сонымен қатар, статистикалық мәліметтерге сәйкес есептен шығарумен тоқтатылған 212 қылмыс аз көрсеткіш емес екенін байқауға болады. Олардың басым көпшілігі жоғалған мал бастарының табылуларына байланысты тоқтатылса, қалған бөліктері мал иесінің өз кінәсінен жоғалуы мүмкін деген негізбен тоқтатылады. Сол себептен қылмыс құрамы жоқ деген процесуалды шешім қабылданады.

Ауылшаруашылық жануарын халықтың күн көріс көзі ретінде алып қарайтын болсақ, еркін жайылымнан жоғалған мал бастары бойынша СДТТБТ-не тіркелген қылмыстық істердің есептен шығарылу арқылы тоқтатылуы дұрыс емес.

Мысалы: Өрістен немесе еркін жайылымнан бір бас ірі қара малдың жоғалу дерегі бойынша тіркелген қылмыстық істің есептен шығарылу арқылы өндірістен тоқтатылуы, мал ұрлығына машықтанған әккі ұрының пайдасына шешіліп кетуіде ықтимал.

Яғни, ешқандай қажетті шаралар қабылданбайтынын және құзырлы органдар тарапынан тиісті қылмыстық жауаптылықты сезінбеген ұры үнемі бір бас малды өрістен жымқырып кетуді кәсібіне айналдыруы мүмкін.

Сондықтан, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мал бастарының еркін жайылымнан жоғалуы мүмкін деген деректер бойынша СДТТБТ-де тіркелген қылмыстық істерді есептен шығару арқылы тоқтату емес, уақыты келсе мерзімін ұзу туралы шешім қабылдау қажет. Қылмыстық іс бойынша есептен шығару негізінде тоқтату туралы шешім қабылданған соң, ол іс бойынша ашылған жедел уәкілдердің өндірісіндегі іздестіру ісінде тоқтайтыны белгілі.

Осы жайттарды жасауға мүмкіндік бермейтін жағдайдың бірі, ашылмаған ауыр қылмыстардың жалпы көрсеткішке кері әсер етуі болып отыр. Сол үшін, көрсеткішке емес нақты нәтижеге жұмыс істеу мақсатында ашылмаған мал ұрлықтары бойынша қылмыстық істердің санын, жалпы ішкі істер органдары жұмысын кері тартушы факторлар қаратынан алып тастаған жөн. Ол жойылмайынша мал ұрлығын дұрыс сараламау, төмен санатты істер ретінде саралау сынды әрекеттерден құтылу мүмкін емес.

2.2. Қазақстан Республикасында ұрлықтың, соның ішінде мал ұрлығының жасауының себептері мен шарттары

Қылмыстың орын алу себебін анықтау мәселесі криминологияда негізгі мәселенің бірі болып табылады [26].

Қылмыс себептерінің бірыңғай тұжырымдамасы осы уақытқа дейін криминология ғылымында жақсы дамымаған. Алайда, аталған мәселе жылдар бойы даму үстінде. Егер сауатты қолдана білген адамға қылмысқа қарсы тұру мәселелерін ұтымды шешу үшін білімнің үлкен көлемі жинақталған [27].

Қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын қарастырғанда қылмысты жеке адам мен қоршаған ортаның соңғысының шешуші әсерімен күрделі өзара әрекеттесуінің өнімі ретінде түсінуден бастау керек. Қылмысқа әсер ететін көптеген факторлардың ішінде, ең алдымен, объективті және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуін ескеру үшін қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарына байланысты құбылыстар мен процестерді бөліп алу қажет [28].

Криминологияда қылмыс пен қылмыстылықтың себептері дегеніміз - қоғамның қызмет ету заңдылықтарынан туындаған, қылмыс пен құқық бұзушылықты табиғи нәтижесі ретінде туғызатын және көбейтетін теріс әлеуметтік құбылыстар мен процестер [29].

Қылмыстылықтың шарттары дегеніміз - қылмыстың пайда болуына түрткі болмайтын, бірақ оның пайда болуы мен өмір сүруіне ықпал ететін, қоғамдық өмірдің әр түрлі құбылыстары. Себеп белгілі бір әсер ету мүмкіндігін тудырады. Жағдайлар осы мүмкіндікті жүзеге асыруға қолайлы болады [29].

Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда себептер қылмыстар жасаудың шарттары болуы мүмкін және керісінше жағдайлар себептерге ұласуы мүмкін.

Криминологиялық әдебиеттерде қылмыстың себептері мен жағдайларын саралайтын көптеген критерийлер бар.

Мазмұны бойынша себептер мен шарттар экономикалық, саяси, әлеуметтік, психологиялық, адамгершілік, құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық болып бірнешеге бөлінеді.

Өзара әрекеттестікте көрінетін қылмыстың әлеуметтік сипаты әлеуметтік орта мен тұлға, олар келесідей себептер мен жағдайларды жіктеу арқылы бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- объективті себептер мен жағдайлар (адамдардың еркінен тыс);
- субъективті себептер мен жағдайлар (көзқарасқа, әдеттерге, рухани-адамгершілік аясының деформациясына байланысты).

Объективті себептер қарама-қайшылықтар, қоғамдық өмір, экономикалық және әлеуметтік қатынастармен тікелей байланысты. Субъективті себептер құқық бұзушылық жасаушы тұлғаның психологиясымен сипатталады [30].

Н.Ф.Кузнецова атап өткендей, криминогендік детерминанттардың көпшілігі объективті немесе субъективті басым объективті-субъективті сипатқа ие [31].

Көпшілік қолдайтын ең кең таралған криминологтар, әрекет деңгейіне байланысты себептер мен шарттарды қарастыратын жіктеме болып табылады:

1. Қылмыстың себептері жалпы әлеуметтік құбылыс ретінде.
2. Жекелеген түрлері мен санаттарындағы қылмыстардың себептері.
3. Нақты қылмыстардың себептері [32].

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, пайдакүнемдік қылмыстар жасаудың негізгі себептері әлеуметтік экономикалық саладағы мәселелер, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, жалақының тұрақты төленбеуі, азаматтардың әлеуметтік әлсіз қорғалуы болып отыр.

Азаматтардың әл-ауқатының нашарлауы меншікке қарсы қылмыстардың, соның ішінде ең алдымен ұрлық санының өсуіне тікелей әсер етеді. Қолайсыз экономикалық факторлар нәтижесінде ұрлық жасауға дайын немесе мәжбүр азаматтардың санын ұлғаяды.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге сәйкес 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы республика бойынша ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың саны 13,7 мың адамға өскен (2019-440,7 мың, 2020-453 мың). Бұл, бүкіл әлемді жайлаған Коронавирус індетіне байланысты енгізілген шектеу шаралардың нәтижесінде елімізде жұмысын тоқтатқан бизнес субъектілерімен кәсіпорындардың жұмысшылары.

Тұрақты кіріс көзінің болмауы, қаржылық мәселені жеңіл жолмен шешу құралы ретінде тұлғаны ұрлыққа итермелейді. Барлық қылмыстардың ішінде жиі орын алатыны және қауіпсіз түрі ол ұрлық.

Экономикалық жағдайдың, соның ішінде республика өңірлерінің экономикалық және әлеуметтік бағытта біркелкі дамымауы азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі мен олардың әл-ауқаты деңгейіне әсер ететін фактор болып табылады.

Дегенмен, экономикалық факторлар маңызды болып табылғанымен бұл ұрлық жасаудың жалғыз себебі емес. Барлық адамдар қиын материалдық жағдайда болсада көп жағдайларда ұрлыққа бара қоймайды және жазадан қорқу әрқашанда ұрлық қылмыстарын басты тежеуші күш болып саналмайды.

Статистикалық мәліметтерден ҚР ҚК-нің 188-1 бабы қабылданып, жаза күшейседе Атырау облысында 11% - ға, яғни 79-ден 89-ға дейін мал ұрлығы қылмысының айқын өсімін байқауға болады.

Жоғарыда айтылғандай, криминогендік детерминанттардың көпшілігі бұл объективті-субъективті және бірқатар жағдайларда тұлға психологиясының ерекшелігімен байланысты субъективті компонент, айқындаушы болып табылады. Өмірде болып жатқанның бәрі шешім қабылдауда бірегей болып саналатын адамның санасы арқылы жүзеге асады [33].

Ұрлықтың субъективті мотивациясының негізі-өз мүддесі үшін материалдық байлықты кез-келген жолмен, тіпті қылмыс жасау арқылы табу. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік жағдайы, халықтың едәуір бөлігінде қол жетімді материалдық тауарлар мол оларды қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауы өзіміздік пен қызғаныш сезімін тудырады.

Н.Ф. Кузнецова әлеуметтік жағымсыз салдармен қылмыстық мінез-құлықтың әртүрлі формаларымен қайшылықтарын байланыстырады [31].

Әлеуметтік орта адамның криминогендік маңыздылығына және оның қылмыстық мінез құлық механизміне әсер ететін элемент [34].

Қылмыстың жағдайы әлеуметтік және экономикалық мәселелермен тікелей байланысты. Қазіргі дамушы қоғамдағы құбылыстар, кемшіліктер, қарама-қайшылықтар мен жағымсыз жайттар қылмыстардың туындауына әсер етеді. Бұл жағдайлар әртүрлі әлеуметтік мәнге ие. Яғни объективті де, субъективті де болады [35].

Ұрлық жасауға ықпал ететін бірқатар шарттарды бөліп көрсетуге болады: олар қазіргі қоғамдағы азаматтардың өмір ерекшеліктері, әлеуметтік құндылықтар мен жүйенің өзгеруі, меншіктің жеткіліксіз қорғалуы, қоғамдағы сәтсіз отбасыларға жасалатын жағдайдың, отбасындағы тәрбие жұмысының, азаматтардың моральдық деңгейі мен құқықтық санасының төмендеуі, құқық қорғау органдарының тиімсіз жұмысы және одан туындайтын азаматтардың сенім деңгейінің төмендігі.

Нарықтық экономика мен капиталистік қатынастарға негізделген мемлекеттік құрылым мен әлеуметтік өмірдің жаңа моделіне көшу бұрынғы моральдық-этикалық құндылықтардың жоғалуына алып келді, ал азаматтардың едәуір бөлігінің құқықтық сана деңгейі әлі Батыс елдеріне жетпеген. Мемлекет құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастыру, азаматтардың бойында патриоттық сезімді, жоғары құқықтық сана-сезімді қалыптастыру үшін көп күш жұмсауда, бірақ бұл проблемаларды шешуге әлі де алыс. Сонымен қатар, КСРО ыдырағаннан кейінгі саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздық жылдарында рухани құндылықтардан гөрі материалдық құндылықтар басым бола бастаған кезде қоғамдық қатынастарды «қайта қалпына келтіру» процесі жүрді, бұл жеке тұлғаның антисоциалды бағытта дамуына ықпал етті.

Ақпараттық кеңістігімізге жаппай енген бейне, аудио және сапасыз баспа материалдары әсіресе жастарға теріс жағынан әсер етті. Көбінесе қылмыстық «романтика» және «ұрылардың» өмірін бандиттер ретінде насихатталып, жезөкшелер идеалға айналды.

Қылмыстық бейімділіктің дамуында отбасындағы қолайсыз жағдай, кәмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбие жұмысы деңгейінің төмендеуі маңызды рөл атқарады. 20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап қоғамда орын алған дағдарыстар отбасындағы жағдайға әсер етпей кетпеді. Ата-аналар мен қоғамда балаларды, әсіресе, қолайсыз балаларды тәрбиелеуге көбінесе мүмкіндігі немесе қалауы болмады. Өзінің тегін үйірмелерімен, секцияларымен және басқаларымен кеңестік тәрбие жұмысының жүйесі жойылып, жаңасы салынбады. Пайда болған «вакуумды» психологиялық қолдау көрсететін жеке және әлеуметтік бақылау тетіктерінің тиімділігін төмендететін теріс бағыттағы аула мен көше топтары толтырды. Отбасылардағы, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуі де балаларды ұрлыққа ықпал етті.

Ал бүгінгі қоғам мүлде басқаша. Тәуелсіздік алған жылдардың басында еліміз жаңа жүйеге үйренгенше қиыншылықты бастарынан кешіруге туралы келді. Дегенменде, қазіргі жағдай мүлде басқаша. Балаларды толыққанды жан-жақты тәрбиелеуге барлық мүмкіндік бар. Елінің патриоты ретінде көзі ашық

көкірегі ояу, өмірге жағаша көзқараспен қарайтын жастарды тәрбиелеп шығару әрбір ата ананың мемлекеттің дамуына қосқан үлкен үлесі. Әр адам қоғамның бір бөлшегі. Ал қоғам өз кезегінде мемлекетті құрайды. Сондықтан, кез кезген тұлғаның жан-жақты дамып өсуі ел дамуының бір іргетасы.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, тәрбие тал бесіктен басталады дегендей өскелең ұрпақты отбасынан дұрыс жолға тәрбиелесе қылмыстың, соның ішінде ұрлықтың алдын алуға ықпал жасауға болады.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ЖҮЙЕСІ

3.1 Ұрлықтың алдын алу бойынша жалпы әлеуметтік және арнайы-криминологиялық шаралар

Тәжірибе көрсеткендей қылмыспен күресте (соның ішінде мал ұрлығымен) қылмыстық заңнаманы зерделеп (заңды қатаңдату немесе ізгілендіру) және жасалған қылмыс үшін жауаптылықты күшейту тиімсіз.

Чезаре Беккариа «Қылмыс үшін жазалағаннан гөрі, оның алдын алған абзал» деп айтқан. Егер тиімділік немесе тиімсіздік тұрғысынан алып қарайтын болсақ, бұл адамдардың неғұрлым бақытты және қауіпсіз өмір сүрулеріне жетелейтін, қандайда болсын заңнаманың қылмыспен күресудегі негізгі мақсаты деп түсіну қажет [36].

Монтескье өзінің «Заңдар рухы туралы» шығармасында «Жақсы заң шығарушы қылмыс үшін жазалауды емес, оның алын-алу туралы ойлайды» деп жазған [37]. Вольтер, Ч. Беккарианың «Қылмыстар мен жазалар туралы» еңбегіне «қылмыстың алдын алу бұл дамыған қоғамның шығайы заңнамасы» деген түбегейлі маңызды тұжырым жасаған [38].

Ғылыми әдебиеттерде «қылмыстың алын алу» терминінің көптеген анықтамалары бар.

Жалпы мағынада бұл қылмыстарды және оның себептерін жою мақсатындағы мемлекеттік органдар өзара жүзеге асыратын кешенді іс-шаралар. Бұл жеке тұлғаны қалыптастыру саласында, оның қызметінің мотивтерінде, сондай-ақ нақты қылмыстарды жасауға себепші болатын немесе жасалуына ықпал ететін жағдайлар саласында тікелей криминогендік факторларды жою және анти-криминогендік жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі мамандандырылған іс-шаралар және кешеннің ажырамас бөлігі [39].

Н.Ф. Кузнецова қылмыстың алдын алуды қылмыстың себептері мен жағдайларын жоюға, әлсіретуге немесе бейтараптандыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралардың көп деңгейлі жүйесі деп түсіндірді [40].

В.Д. Малков қылмыстың алдын алуға кең және тар мағынада баса назар аударған. Қылмыстың алдын алудың кең мағынасы - бұл қоғамның барлық институттарының нақты бағытталған қызметі арқылы жүзеге асырылатын, осы факторлардың болуын анықтайтын жәйттарды жою, азайту және бейтараптандыру арқылы жүзеге асырылатын жағымсыз құбылыстардың объективті және субъективті алғышарттарын еңсерудің тарихи қалыптасқан жүйесін білдіретін криминологиялық категория. Қылмыстың алдын алудың тар қолданбалы мағынасы дегеніміз - қылмыстың себептерін, қылмыстың жасалуына жағдай туғызатын жәйттарды анықтау және жою, олардың заңсыз мінез-құлқы бар адамдарға профилактикалық әсер ету арқылы олардың жасалуына жол бермеуге бағытталған қызмет [29].

Кейбір авторлардың пікірінше, құқық бұзушылықтың алдын-алу - бұл мақсатты бағытталған әлеуметтік қызметтің үш саласының органикалық

бірлігі: қылмысқа қарсы күресті жалпы ұйымдастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық қолдану.

Бірінші бағыт ақпараттық-талдау қызметін, болжауды, қылмыспен күресті анықтауды, құқықтық реттеуді және т.б. ұйымдастыру.

Екіншісі - мемлекет қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептер мен жәйттарды анықтау және жою арқылы жүзеге асыратын шаралар жиынтығы.

Үшінші - құқық қорғау органдары мен соттардың кінәлілерді қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту және жазаны өтету қызметі [41].

Құқық бұзушылықтың алдын-алу анықтамаларын талдау осы құбылыстың бірқатар жалпы белгілерін айқындайға мүмкіндік береді. Құқық бұзушылық профилактикасының мазмұны мемлекет (оның заң шығарушы, құқық қорғау, сот және басқа органдарымен ұсынылған) пен қоғамның қызметі болып табылады. Бұл қызмет көп деңгейлі, жүйелік сипатта болады және нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған - қылмыс жасаудың себептері мен жағдайларын жою, кінәлілерді жауаптылыққа тарту бағытында болады.

Заң әдебиеттерінде «қылмыстың алдын-алу» терминімен қатар «қылмысты ескерту» термині кең қолданылады. Сонымен қатар, егер кейбір авторлар оны алдын-алудың синонимі ретінде қарастырса [42], басқалары бұл терминдер бірдей емес деп санайды және «алдын-алуды» «ескертудің» ажырамас бөлігі ретінде көрсетеді [43].

Сондықтан И.А. Гельфанд пен П.П. Михайленко «ескерту», «алдын алу», «жолын кесу» терминдерінің мазмұндарынан айырмашылық іздеу қажет емес, себебі олар алдын алу шараларын қабылдау қажеттілігі туралы ойды білдіретін синонимдер деп тұжырымдады. Содан кейін тұлғалар арасында қоғамға зиян келтіретін кез-келген теріс қылықтардың болуын толығымен алып тастады [44].

В.Д. Малков, соған сәйкес «Алдын алу мен ескертуді, яғни «бір нәрсені болдырмау» дегенді білдіретін терминдер, олар мағыналық жағынан жақын, сондықтан оларды синоним ретінде қолдануға болады» деген ұқсас көзқарасты ұстанған [45].

А.Г. Лекарь және А.Ф. Зелинский, керісінше, «алдын алу» және «ескерту» ұғымдарының ара қатынасын бөліп көрсетті. Олар өз пікірлерін «алдын-алу» қылмыстың себептері мен жағдайларын анықтау мен жою процесін қамтуы керек десе, ал «ескерту» - ойластырылып, дайындалып жүрген қылмыстардың жолын кесу деп түсіндірді [46].

Сонымен, егер қылмыстың алдын алу және жолын кесу қылмыстық іс-әрекеттің басталуымен байланысты болса, онда алдын-алу қылмыс және онымен байланысты құқық бұзушылықтарды анықтау мен оларды жоюға бағытталған [47].

Бұл көзқарасты басқа авторларда бөліседі [48].

Біз, әдетте, қылмыстың алдын-алу қылмысты ескерту жұмыстарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек деген тұжырымдармен келісеміз.

Алайда, бұл жағдайда бізге «алдын алу» мен «ескерту» терминдерін ажырату осы қызметтің мазмұнына емес, оны жүзеге асыратын субъектілерге байланысты жасалуы керек деген көзқарас жақынырақ болады.

Егер қылмыстың алдын алу тұтастай алғанда мемлекет өз органдарының, қоғамның және жекелеген азаматтардың тұлғасында қылмыс жасаудың себептері мен жағдайларын жою үшін қолданатын шаралар жүйесі болса, онда профилактика, алдын алу бағыттарының бірі ретінде, уәкілетті (құқық қорғау) органдары жүзеге асыратын қызмет болып табылады. Бұл көзқарасты тәжірибеде жүргендердің белгілі бір бөлігі де ұстанады [49].

Әлемдік криминологиялық теорияда қылмыстың алдын алудың екі түрі бар - әлеуметтік алдын алу және ситуациялық профилактика. Біріншісіне қылмыс себептеріне әсер ету тәсілдері ретінде қарастырылатын ата-ана, қоғамның дамуы және әлеуметтік даму сияқты салалар жатады. Ситуациялық қылмыстың алдын-алу қылмыс үшін қолайлы жағдайларды жоюға бағытталған [50].

Профилактикалық қызметтің әртүрлілігі оның криминологиялық ғылымда ерекшеленетін көптеген түрлерін анықтайды. Аумақтық көлеміне байланысты ескерту ұлттық, аймақтық және жергілікті болып бөлінеді. Әсер ету механизмі бойынша тәрбиелік шаралар, әлеуметтік көмек шаралары, медициналық-психологиялық оңалту шаралары, заңды ықпал ету шаралары, техникалық шаралар деп ажыратылады. Реттеу объектісіне әсер ету әдістері және объектілері бойынша шаралар жалпы және жеке қылмыстардың алдын алу болып бөлінеді [51].

Ең кең таралғандардың бірі - профилактиканың қылмыстың жалпы әлеуметтік және арнайы криминологиялық алдын алуға әсер ету сипатына қарай (жанама немесе тікелей) түрлерге бөлу [29, 52].

Қылмыстардың жалпы әлеуметтік алдын-алу қоғамның саяси, әлеуметтік, моральдық-психологиялық және рухани салаларындағы кемшіліктерді жоюға - азаматтардың материалдық әл-ауқатын жақсартуға, әлеуметтік деңгейін көтеруге бағытталған әлеуметтік-экономикалық шаралардың барлық жиынтығымен, құқықтық мәдениетімен және т.б. сипатталады.

Бұл шаралар жалпы әлеуметтік проблемаларды жоюға бағытталған және қылмыстың алдын-алудың басты мақсатын көздемейді. Алайда, қылмыстың себептері мен жағдайларын жоюға көмектесу, олар қылмысқа қарсы күресте маңызды рөл атқарады.

Арнайы криминологиялық қылмыстың алдын-алу қылмыстың себептерін немесе нақты қылмыстың көріністерін жоюға бағытталған арнайы шаралар жиынтығымен сипатталады. Оларды қолдану ауқымы, әдетте, жалпы әлеуметтік шараларға қарағанда әлдеқайда аз, дегенмен кейбір жағдайларда ол маңызды өлшемдерге ие болады және ұлттық экономиканың барлық салаларын қамтиды немесе адамдардың жекелеген санаттарына таралады. Мұндай алдын-алу объектілері болып жалпы қылмыста, оның түрлеріде, жеке қылмыстарда табылады [29].

Жалпы әлеуметтік және арнайы-криминологиялық алдын-алу өзара байланысты. Қылмыстың жалпы себептеріне қарсы тұру, жалпы әлеуметтік

шаралар арнайы криминологиялық деңгейде қылмыстың алдын алуға қолайлы жағдай жасайды [53].

Ұрлықтың әлеуметтік алдын алу. Әлеуметтік алдын алу шаралары ұрлықтың алдын алуға тікелей бағытталмаған. Алайда, олар объективті түрде олардың жасалу себептері мен шарттарын жоюға ықпал етеді [54].

Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық - ұрлықтың басты себептерінің бірі. Осыған байланысты жалпы әлеуметтік сипаттағы алғашқы шаралар - бұл азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге және әлеуметтік қолдау жүйесін дамытуға бағытталған шаралар [55].

Экономикалық даму.

- өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жаңғырту;
- экономикалық өсу мен жұмыспен қамтудың ең көп мультипликативті әсерін жасайтын салаларды қолдауға бағытталған экономикалық саясаттың бағытын өзгерту;
- кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау;
- жергілікті кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру және минималды, бірақ қатаң реттеу арқылы ішкі нарықты дамыту;
- отандық өндірушілерді қолдау тетігін жетілдіру.

2. Инфрақұрылымды дамыту және аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуындағы теңсіздікті жою.

- халықтың өсуіне және урбанизация деңгейіне сәйкес келетін қалалық инфрақұрылымның озық дамуы;
- елдің инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін арттыру;
- тауарлар қозғалысын, еңбек көші-қонын қамтамасыз ететін аймақтар арасындағы көлік арналарын дамыту;
- халықтың қисынсыз қоныстануын жою;
- солтүстікте еңбек ресурстарының жетіспеушілігі және оңтүстікте «жұмысшылардың» артық болуы;
- тұрғын үй, коммуналдық және әлеуметтік салалардағы біркелкі емес дамуды жою.

3. Тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамтуды ұйымдастыру, жұмыссыздықты азайту арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуға көмек.

- инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамтамасыз ету;
- жеке кәсіпкерлік бастамаларын қолдау және тірек ауылдарды жан-жақты дамыту арқылы ауылдық жерлерде кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету және жұмыс орындарын құру;
- жұмыс берушінің нақты сұранысын ескере отырып, жұмысқа орналасу және қоныс аударуға көмектесу және оларды оқыту.

4. Азаматтардың әлеуметтік қауіпсіздігі және әл-ауқаты.

- азаматтар үшін ең төменгі әлеуметтік стандарттың кепілдігі;
- кедейліктің өсуіне жол бермеу;
- азаматтардың қажеттіліктерінің тізбесін кеңейту, оның ішінде білім беру және денсаулық сақтау туралы мақалалар (соның ішінде жұмыссыздар мен мүгедектерге олардың әлеуметтенуі мақсатында), салауатты тамақтану

және салауатты өмір салты, зияткерлік және ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру және т.б.

- азаматтардың қажеттіліктерінің құнын нақты бағалар бойынша есептеу;

- экономикалық өсумен байланысты өмір сүру сапасының өсуі;

- әлеуметтік көмек және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіру;

- қоғамның әлеуметтік осал тобын мақсатты қолдау.

Қазақстан Республикасында жоғарыда аталған шараларды іске асыруға бағытталған бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды: [56].

- **«Қазақстан-2050» стратегиясы.** Мақсаты - мықты мемлекетке, дамыған экономикаға және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктеріне негізделген әл-ауқат қоғамын құру, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіруі.

- **«5 институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» Ұлт жоспары.** Жоспар бес институционалдық реформаға негізделген: кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру; заңның үстемдігін қамтамасыз ету; индустрияландыру және экономикалық өсу; сәйкестілік және бірлік; есеп беретін мемлекеттің қалыптасуы.

- **Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы.** Бағдарламаның мақсаты - өңдеу өнеркәсібінің әртараптандырылуы мен бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру.

- **Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы.** Бағдарламаның мақсаты - халықты оқыту және жұмыспен қамту, жаңа бизнесті ашуға және дамытуға көмектесу, елдегі еңбек ресурстарын оңтайлы бөлу, Қазақстан Республикасы тұрғындарының жұмыспен қамтылуын қолдау және жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу.

Әлеуметтік-экономикалық даму шараларымен қатар, ұрлықтың себептері мен жағдайларын жоюға ықпал ететін маңызды жалпы әлеуметтік шаралар ретінде жалпы саясат пен тәрбиелік шараларды бөліп көрсетуге болады:

- мемлекеттік жергілікті басқару органдары мен құқық қорғау органдары арасындағы тиімді өзара әрекеттесудің жүйелі негізде ұйымдастырылуы.

- құқық қорғау органдарына, сот органдарына және мемлекеттік органдарға деген сенімділікті арттыру және осы органдар мен халықтың өзара іс-қимылын кеңейту;

- адамгершілік деңгейін, негізгі әлеуметтік құндылықтардың маңыздылығын арттыру (патриотизм, мәдениеттің деңгейі, отбасылық қатынастар);

- азаматтардың құқықтық сана деңгейін көтеру, құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділікті» дамыту;

- құқықтық түсіндіру жұмыстары, құқықтық тәрбие, әсіресе жастарға қатысты.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру, азаматтардың олардың құқықтарын тиімді қорғау халықтың құқықтық білімі мен құқықтық даярлығын үнемі дамытып, жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Құқықтық насихат бүкіл халықтың құқықтық санасының деңгейін көтеру үшін бүкіл қоғамды, әр адамды қамтуы керек. Құқықтық білім - бұл қылмыстың алдын алудың тиімді және маңызды шарты.

Бүгінгі күні қолданылмасда соңғы 10 жыл көлемінде құқықтық мәдениеттің дамуына өзінің оң ықпалын тиігзген 2009 жылы 24 тамызда «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» N858 Жарлығы шыққан болатын [8].

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында үкіметтің қаулыларымен бекітілген мемлекеттік бағдарламалар мен кешенді жоспарларды іске асыру мақсатында барлық мемлекеттік органдарда медиа-жоспарлар әзірленді және бекітілді, олардың орындалуы белгілі бір тиімді бағытта жүзеге асырылады.

Қылмыстың арнайы-криминологиялық алдын алу. Арнайы криминологиялық алдын алу шаралары тікелей қылмыстардың алдын алуға бағытталған. Олар жалпы қылмыстың себептері мен жағдайларын (олардың жекелеген түрлерін) жоюға және жеке тұлғалардың қылмыс жасауының алдын алуға (жеке ескерту) бағытталған жалпы алдын алу шеңберіндегі екі шараны да қамтиды.

Ұрлықтың арнайы криминологиялық алдын алу шараларына мыналар жатады:

1. Қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктің сөзсіздігін қамтамасыз ету.

2. Меншікке қарсы қылмыстардың жасалуына объективті жол бермейтін жағдайлар жасау арқылы қылмыс жасауды күрделендіру.

3. Меншікке қарсы қылмыстардың алдын-алу жұмыстарына қоғамды тарту.

4. Қылмыстар және оларды жасаған адамдар туралы ақпаратты жинауға және талдауға, ұрлық жасау құралдары мен тәсілдері, оларды жасаушы адамдар, сақтық шаралары, меншікке қылмыстық қол сұғушылықтан заңды қорғау тәсілдері туралы халықты ақпараттандыруға бағытталған ақпараттық-талдау жұмысы.

5. Құқық бұзушылық жасаған, құқық бұзушылық жасауға бейім, қоғамға жат өмір салтын дәріптейтін, ішкілік, нашақорлық, психотроптық немесе уытқұмарлықпен ауыратын адамдармен жеке профилактикалық жұмыс.

Ұрлықтың криминологиялық тиімді алдын алудың басты шарттарының бірі оларды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың сөзсіздігі болып табылады.

Чезаре Беккариа өзінің «Қылмыстар мен жазалар туралы» трактатында қылмыстар жасауды тежеудің ең тиімді құралы - бұл жазаның қаталдығы емес, оның сөзсіздігі деп жазды: «Тіпті орташа жазаның да сөзсіз екендігіне деген сенім қорқыныштан гөрі әрқашан үлкен әсер қалдырады» [36].

Бұл шартты орындау үшін екі негізгі бағыт бар:

1. Ұрлықтарды анықтау (анықтау) мен ашудың толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған ПО-ның тиімділігін арттыру:

- ұрлыққа себеп болатын жәйттар мен жағдайларды анықтау бойынша жедел-іздістіру шараларын жүргізу және оларды жою бойынша өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

- меншікке қарсы қылмыстарды жасаудан бас тарту үшін оларды жасауды ұйымдастырушы адамдарды анықтау.

- меншікке қарсы қылмыс жасайтын анықталған топтарды бөлу бойынша жедел іс-шаралар жүргізу;

- мал ұрлықтарының алдын-алуға, анықтауға, тергеуге және ашуға қатысатын ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

- ұрлықпен күресудің шетелдік тәжірибесін зерделеу, ішкі істер органдарының қызметкерлерін шетелде оқыту;

- ұрлықпен күресудің жаңа тиімді әдістерін, әдістері мен тәсілдерін әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. Соттардың оны түзету және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті әділ жазаны тағайындауы. Сот практикасын талдау нәтижесі көрсеткендей, соттар жаза тағайындағанда, кінәлі адамның жеке басын теріс сипаттайтын, оның тұрақты қылмыстық бағыты туралы криминологиялық белгілерді әрдайым ескере бермейді, нәтижесінде жазаның мақсаттары қараусыз қалады.

Ұрлықтың алдын-алудың маңызды бағыты меншікке қарсы қылмыстарды объективті түрде болдырмайтын жағдайлар жасау арқылы қылмысты жасауды қиындату болып табылады:

Мал ұрлығына қарсы іс-қимылдың тиімді шаралары - ауыл тұрғындары үшін малды орталықтандырылған жайылымда ұстауды ұйымдастыру, бірдейлендіру, егер қаражат болса - GPS трекерлерімен жабдықтау, сондай-ақ мал сою пункттерінің заңсыз әрекеттері мен ет контрабандасының жолын кесу.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша шетелдік тәжірибе көрсеткендей, Батыс елдерінде (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Германия, Үндістан, Австралия) қоғамды осы қызметке тартудың мақсатты бағдарламалары кең таралған. Тиімділігін дәлелдеген ең танымал бағдарламалардың бірі «Қылмысты тоқтатайық», яғни «Остановим преступность» (crimestoppers) [58].

«Қылмысты тоқтатайық» бағдарламасы азаматтарды полициямен ынтымақтастықты екі негізгі жолмен ынталандыруға бағытталған:

1. Жасалған қылмыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдарды жариялау арқылы мақсатты ақпараттық науқан жүргізу, олардың ашылуына көмек сұрау.

2. Полицияға ақпарат берген азаматтарды ақшалай ынталандыру жүйесін қолдану, соның нәтижесінде сот ауыр қылмыстарға (жеке басқа, меншікке қарсы қылмыстар) үкім шығарды. Материалдық сыйақы мөлшері ұсынылған ақпаратты жедел тексеру нәтижелері бойынша әр жағдайда жеке анықталады және ереже бойынша шамамен 3000 доллардан аспайды (әдетте 300-500 доллар).

Қазақстан Республикасында азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге өз еркімен қатысу тәртібі 2004 жылғы 9 шілдедегі N 590-II

«Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» Заңымен реттеледі [59].

Заң мыналарды белгілейді:

- азаматтардың заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу нысандары;

- азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы мәселелері бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ ПО-ның құзыреті;

- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды тіркеу тәртібі;

- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың қызметіне шектеулер.

- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтары мен міндеттері;

- ынталандыру шаралары;

- азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Қорыта келгенде, мал ұрлығының алдын алудың теориялық және тәжірибелік тұстарын байланыстыра отырып ұтымды іс-шаралар жүйесін қалыптастырса, мал ұрлығы қылмысының азаюына зор ықпалын тигізеді хақ.

3.2. Мал ұрлығының алдын алуға байланысты заңнаманы жетілдіру және соған байланысты мәселелерді шешу жолдары

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің әкімшілігі мен азаматтардың қызметін тиісті құқықтық қолдауынсыз қылмыстың толық деңгейде алдын-алу мүмкін емес. Құқық бұзушылықтардың алдын алудың құқықтық жүйесіне құқықтық нормалардың барлық түрлері кіреді: жалпы және арнайы, реттеуші және құқық қолдану, материалдық және процедуралық, міндетті және өкілдік-міндетті.

Кең мағынада ұрлықтың алдын алудың құқықтық базасы мемлекеттік, экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің түрлі аспектілерін реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілерді қамтиды. Тар мағынада бұл құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін тікелей реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

Ұрлықтың алдын-алуды тікелей реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілер жүйесінде келесі негізгі нормативтік құқықтық актілерді бөлуге болады:

- Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесіндегі N226-V Қылмыстық кодексі.

- Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 4 шілдесіндегі N231-V Қылмыстық-процесстік кодексі.

- Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 5 шілдесіндегі N 234-V Қылмыстық-атқару кодексі.

Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 5 шілдесіндегі N 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

- Қазақстан Республикасының «Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» 2004 жылдың 9 шілдесіндегі N 590-II Заңы.

- Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» 2010 жылдың 29 сәуіріндегі N 271-IV Заңы.

Профилактикалық функция Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің жалпы және ерекше бөліктерінің барлық дерлік нормаларына тән. Атап айтқанда олардың қылмыстық жауаптылықтың негіздерін белгілеп, жазалар жүйесін, тәртібі мен шарттарын реттеп, жаза тағайындау, жазадан, соттылықтан босату, нақты қандай қауіпті әрекеттердің қылмыс деп танылатынын анықтап, оларды жасағаны үшін жаза қарастырады.

Бұл нормалардың профилактикалық функциясы олардың азаматтарға әділеттілік арқылы әсер етуінде, қылмыс жасаудың себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған профилактикалық іс-шаралардың қолданылуын тікелей реттеуінде (медициналық мәжбүрлеу шаралары, мәжбүрлеу тәрбиелік шаралары) және т.б.

Қылмыстардың алдын алу үшін қылмыстық-процессуалдық заңнаманың белгілі бір нормалары ерекше маңызға ие: ҚР ҚПК-нің баптары, құқық қорғау және сот органдарының қылмыстардың алдын-алу жөніндегі міндеттерін анықтайды (ҚР ҚПК-нің 8, 15, 24-баптары). Сонымен қатар ҚР ҚПК-нің 200 бабы, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар

жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынуды атап өтуге болады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты құру мақсатында 2010 жылдың 29 сәуірінде мемлекеттік органдардың қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайтын «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заң қабылданды.

Заңның міндеттері - адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету; құқық бұзушылық деңгейін төмендету; құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін жетілдіру, сонымен қатар оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерттеу, жою; өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту; қылмыстың алдын алу субъектілерінің қызметін үйлестіру; азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру; азаматтар мен ұйымдардың құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысуын қамтамасыз ету.

Заң құқық бұзушылықтардың алдын-алу субъектілерінің құзыретін, жүйені, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүйесін анықтайды.

2015 жылғы 2 қарашадағы «Кейбір заңнамалық актілерге жергілікті полиция қызметінің қызметі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жергілікті полиция қызметі жұмысының құқықтық негіздерін белгілейді.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастаған Жергілікті полиция қызметі құрамына учаскелік полиция инспекторлары мен жол-патрульдік полициясы - құқық бұзушылықтардың, оның ішінде ұрлықтың алдын алу міндеттері жүктелген бөлімшелер кіреді.

Сонымен, бүгінде Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың, оның ішінде ұрлықтың алдын алуды реттейтін бірыңғай құқықтық жүйе қалыптасты.

Алайда, құқық бұзушылықпен күресу практикасы осы салада жаңашылдықты және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруді қажет етеді.

Біріншіден:

Соның бірі, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу деректері үшін қылмыстық жауаптылық қарастырған.

Статистикалық мәліметтер көрсеткендей ҚР ҚК-нің 196 бабын қолдану сирек кездеседі. Себебі, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті күні бұрын уәделеспей иемдену немесе өткізу әрекеттерін дәлелдеп, оны жауапқа тарту құқық қорғау органдары үшін қиынға соғады.

Біріншіден: бұндай қылмыстар өзінің жасырындығымен ерекшеленеді.

Екіншіден: аталған істер бойынша дәлелді база тек кінәлінің мойындау түріндегі берген жауабына, мүлікті ұрлаған тұлғаның жауабына, куәлардың жауабына және ұрлық негізінде алынған мүлікті сатып алған адамның жауаптарына негізделіп, айтылғандардың барлығы ұрланған заттың шығу тегін айқындап береді.

Егер кінәлі өз кінәсін мойындамаса, куәгерлер жоқ болса қылмыстық заттың шығу тегінің айқын белгілері болса да көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті күні бұрын уәделеспей иемдену қылмысын дәлелдеу қиын.

Тәжірибе көрсеткендей, кінәлінің әрекетін ҚР ҚК-нің 196 бабымен саралау үшін алғышарттардың бірі сатқан адаммен алдын-ала уағдаласпада мүліктің қылмыстық жолмен табылғанын білуі қажет немесе сатқан адам оған сатар алдында мүліктің қылмыстық жолмен келгенін ескертуі қажет. Сол кезде ғана сатып алған немесе өткізген адамның әрекетін көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті күні бұрын уәделеспей иемдену немесе өткізу деп саралауға толық негіз болады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылдың 11 шілдесіндегі N 8 нормативтік қаулысында, «Көрінеу» мағынасын қалай түсіну қажеттігі ашып көрсетілмеген.

Сондықтан, ҚР ҚК-нің 196 бабын тиімді қолдану және мал ұрлығының орын алуына әсер ететін жәйттарды болдырмау мақсатында нормативтік қаулыға келесідей түсінікті қосуды жөн санаймын:

Сатып алған тұлғаның әрекетіннен «Көрінеу» қылмыстық жолмен келген затты иемдену немесе өткізу деп тану үшін нақты сатып алынған заттың күдік тудыратын жақтарын, яғни, қандай уақытта затты сатып жатқаны (адам саябырситын түнгі уақытта), зат бағасының нарықтық құнынан тым төмендігі, сатушының өте асығыстығы, сатылатын мүлікке сатушының әлауқат жағдайының сәйкес келмеуі сынды жағдайлар. Сатып алушы осы жағдайларды ескермей, күдік тудыратын жәйттарды көре тұра, өз бас пайдасы үшін сатып алса оның әрекетін «көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті күні бұрын уәделеспей иемдену немесе өткізу» бабымен саралаған жөн.

Көп жағдайларда ҚР ҚК-нің 196 бабы меншікке қатысты, соның ішінде ұрлық қылмыстарымен қатар жүреді. Алайда, жоғарыда айтып өткендей осы тектес қылмыстарды жасады деп сатып алған тұлғаның кінәсін дәлелдеп, қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жолдау жәйттары тәжірибеде сирек кездеседі. Қылмыстық жолмен келген мүлікті сатып алған тұлғалар негізгі істерде куә ретінде ғана тартылады.

Сондықтан да, ҚР ҚК-нің 196 бабы жұмыс жасамайтын бап екенін білетін күдіктілер істің болашағы жоқ екенін, өздері міндетті түрде куәгер болатындарына сеніммен қарайды.

Мысал ретінде соңғы бес жыл ішіндегі ШҚО бойынша ҚР ҚК-нің 196 бабымен тіркелген және мәні бойынша сотқа жолданған қылмыстық істердің статистикасын жалпы ұрлық қылмысымен салыстырылған динамикасын 2, 3 кестеде беріліп отыр:



Кестеден, ҚР ҚК-нің 196 бабы тәжірибеде қолданылу ауқымы тар баптар қатарында екенін байқаймыз. Бұл баптың жұмыс жасау ауқымын кеңейтіп, тәжірибеде тиімді қолданса мал ұрлығының алдын алуға көп септігін тигізеді.

Ендігі кезекте ҚР ҚК-нің 196 бабы мал ұрлығының алдын алуға қатысты тиімді жақтарын қарастырамын.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы

№ 148 Заңының 35-бабы 15- бөлігінің 1-4 бөлігінде, ауылдық округтер әкімдері мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізеді делінген.

Яғни, әр ауылдық округ әкімдері өздеріне қарасты елді мекендердегі ауылшаруашылық жануарларының санын шаруашылық кітабына енгізіп, мал санының есебін жүргізіп отырады.

Сәйкесінше, сол елді мекеннің тұрғыны өзіне тиесілі мал бастарын сойып оны тасымалдау үшін анықтама қажет болса әкімдікке жүгініп, шаруашылық кітабына енгізілген мәліметтерге сәйкес анықтама немесе округтің мал дәрігерінен, мал басы қайдан алынғандығы және қайда сойылғандығы жөнінде №2 үлгідегі анықтама алады. Малды тірідей тасымалдаған уақытта №1 үлгідегі анықтама алынуы қажет

Егер ет өнімдерін өзіне тиесілі екендігін дәлелдейтін анықтама болмаса немесе алынған жері белгісіз болса ондай жағдайда мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде талаптарды сақтамау ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы, яғни ҚР-ның ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу дерегі бойынша әкімшілік жауаптылық қарастырылған. Әкімшілік жауаптылыққа тартуды өз құзіреті шегінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясы жүзеге асырады.

Сондықтан, мал ұрлығының алдын алу мақсатында анықтамасы жоқ ет өнімдері мен ауылшаруашылығы жануарларын тірідей сатып алған тұлғаның әрекетін ҚР ҚК-нің 196 бабымен саралап, қылмыстық жауаптылыққа тартуды тәжірибеге енгізу қажет.

Себебі, басқа заттар сияқты емес ет өнімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылдың 30 сәуіріндегі № 546 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Ешбір құжаты жоқ ет өнімін сатып алғанда сатып алушы оның қайдан алынғанын, кімге тиесілі екенін дәлелдейтін құжаттарды сұрауға мүмкіндігі болады. Егер еттің немесе жануардың әкелінген жері белгісіз болса сатып алудан бас тартуға құқығы бар. Алайда, еттің немесе жануардың бағасы нарықтық құнынан арзан бағада екенін пайдаланып, өз мүддесі үшін сатып алады.

Осы тәжірибені жүзеге асыру арқылы ҚР ҚК-нің 196 бабының қолданылу ауқымын кеңейтеміз және өзекті етеміз. Ең маңыздысы ұрланған малдарды немесе олардың еттерінің сатылуының алдын аламыз.

Мысалы, 2021 жылдың 23-25 ақпаны аралығында Атырау облысы бойынша жүргізілген «Мал ұрлаушы» жедел алдын алу шаралары кезінде Ет өнімдері мен ет базарлары, автокөлік құралдарын тексеру үшін 10 топ құрылып, олар мал мен ет өнімдерін тасымалдайтын 305 көлікті, ет өнімдерін сататын 146 орынды және 452 шаруа қожалықтарын тексерген. Ұйымдастырылған рейдтік іс-шаралар нәтижесінде 19 жағдайда олар мал мен

ет өнімдерін тиісті құжаттарсыз тасымалдағаны, алты жағдайда мал мен ет өнімдерін заңсыз сатумен айналысқаны анықталып, барлығы 25 адам жауаптылыққа тартылған.

Екінші:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылдың 26 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» № 229 Жарлығымен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізу тоқтатылғанын ескеретін болсақ [8], құқық қорғау органы қызметкерлері профилактикалық іс шаралар кезінде ғана осындай деректерді анықтай алады.

Сондықтан, енгізілген мораториді назарға ала отырып ұрланған малдарды немесе анықтамасыз еттерді анықтау және оларға тиісінше бақылау жүргізу үшін қоғамдық тамақтану объектілеріне (*дәмхана, мейрамхана*) сатылып алынған еттердің анықтамалары мен мөлшері туралы мәліметтерді айына бір рет мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясына жолдап тұруға заңнамамен міндеттеу қажет.

Ол үшін бизнес субъектісімен лауазымды тұлғаның арасындағы байланыс пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмас үшін арнайы ақпараттық жүйе арқылы жолдауды енгізген жөн.

Себебі, қоғамдық тамақтану объектілері анықтамасыз еттерді қабылдауы әбден мүмкін. Сол тәртіпті енгізу арқылы ғана әртүрлі жолмен анықтамасыз келетін еттердің айналымына тосқауыл қоя аламыз. Сұраныс болмаған соң, ұсыныстыңда болмайтыны белгілі. Өз кезегінде осы тәжірибені енгізу мал ұрлығы қылмысының алдын алуға да септігі тиері анық.

Үшінші:

Ауылдық елді мекендер жергілікті атқарушы органдар тарапынан мал сою пункттерімен ішінара қамтамасыз етілгенімен, кейбір аумақтарда мүлде жоқ деуге болады. Керісінше, жеке меншік мал сою пункттері ақылы түрде жұмыс жасайды.

Мысалы, ШҚО, Ұлан ауданы бойынша жеке меншік шаруа қожалығына тиесілі 10 мал сою пункті бар және барлығы ақылы негізде. Оны кейбір шаруалардың қалталары көтере бермейді. Есесіне әкімдікке тиесілі бірде бір мал сою пункті жоқ. Ауданда 13 ауылдық округ, 3 кент және соларға кіретін 47 ауыл бар екенін ескеретін болсақ мал сою пункттері санының жетіспеушілігі ауылшаруашылық жануарларының талаптарға сәйкес сойылмауына әкеліп соғуы мүмкін.

ҚР АШМ-нің «Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 7-1/370 бұйрығының 5-бөлігінде кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін орындарда союға жол берілмейді делінген.

Мысалы, ШҚО бойынша мал сою алаңдарының тапшылығы бүгінгі күнге дейін шешімін таппаған өзекті мәселеге айналып келуге. Риддер қаласында мал сою пункттері болмауының салдарынан тұрғандардың амалсыздан өз аулаларында сойып, ешқандай ветеринарлық құжатсыз ет өнімдерін сатуға мәжбүр болған. Сол әрекеттері олардың әкімшілік жауаптылыққа тартылуларына әкеліп соққан. Сонымен қатар, ветеринарлық дәрігер сойылған мал бастарынан хабардар болмағандықтан ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде шығарылмайды.

Сондықтан, мал дәрігерімен, өзінің ауылдық округтерінде сойылған мал бастарын дер кезінде ақпараттық жүйеден шығару есебін жүргізу үшін және елді мекендердің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар тарапынан мал сою пункттерімен қамтамасыз ету шараларын бір жолға қойып, қарқынды түрде қолға алынуы қажет.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабы 11-1-бөлігімен жеке және заңды тұлға кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға міндеттелген [7].

Бұл талапты бұзу ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы 1-бөлігінің 4-тармағымен жауаптылыққа әкеп соғады.

Әр ауылдық округтер немесе елді мекендер толықтай мал сою пункттерімен қамтамасыз етілгеннен кейін, жеке және заңды тұлғаларға тек өткізу үшін ғана емес, жеке тұтыну мақсатында сойылатын малдарды да арнайы сою пункттеріне апарып сойылуын заңнамамен міндеттеу қажет деп санаймын. Сонда ғана анықтамасыз сойылатын мал бастарын әшкерелеуге біршама мүмкіндік болады.

Тиісінше, осы талапты орындамаған жағдайда тұлғаның әкімшілік жауаптылығын қарастыру үшін ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабы 1-бөлігінің 4-тармағын «Тұтыну мақсатында» деген сөзбен толықтыру қажет.

Төртінші:

Мал сою пункттерінің тапшылығы мәселесінен шығатын бірден бір жол, оларды құрмай-ақ, әр ауданның орталығынан ауылшаруашылық кооперативін ашу. Оның негізгі мақсаты аудан көлемінде тұрғындардан келісім шарт арқылы ауылшаруашылық жануарларын тірі салмағымен қабылдап есеп айырысу және ауылшаруашылығы жануарларының бір орталықтан сойылуын қамтамасыз ету.

Біз, ауылшаруашылығы кооперативінің тиімді жақтары:

- Тұрғындардың талапқа сай келмейтін техникалармен ет тасымалдауын жояды.

- Ауылшаруашылық кооператив көліктері аудан ауылдарын аралап жануарларды тірідей сатып алады. Тұрғындар көлік іздеп сою пункттеріне малдарын тасып әуре болмайды.

- Ішкі сауда объектілеріндегі ет саудасымен айналысатын субъектілерге жануарлар еттері арнайы мамандандырылған техникалық құралдармен жабдықталған автокөліктер арқылы жеткізіледі.

- Ветеринарлық анықтама кооператив мамандарымен берілетіндіктен сауда объектілеріне жануарлар еттерін жеке тұлғаның өздігінен тапсыруына шектеу қойылады.

- Тағы бір артықшылығы, сауда объектілеріне шығу тегі беймәлім (ұрланған) құжаттары жоқ ет өнімдерінің саудалануына тосқауыл қойылады. Яғни, ұрланған мал еттерінің сауда айналысына еркін түсуіне жол берілмейді.

Батыс елдерінде тұтынушыға ауылшаруашылық өнімдерін ілгерілету арналарын таңдау кезінде экономикалық кең еркіндік пен мүмкіндіктерге қарамастан, «өндіруші - тұтынушы» тікелей тізбегі жануарларды союға ресми рұқсатымен және жетекші шет елдердің көпшілігінде мал союдың барлығы дерлік өнеркәсіптік кәсіпорындарда жүзеге асырылады.

Мысалы, АҚШ-та ірі қара мен шошқаның 99% ет комбинаттарында сойылады; Германияда - 98; Дания - 98,5; Ұлыбритания - 90; Францияда - 100% [60].

ҚР Инвестициялар және даму министрінің «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылдың 30 сәуіріндегі № 546 бұйрығының 176-180 бөліктерінде былай делінген:

- Жануарлардың етін автокөлік құралдарымен аудан сыртына тасымалдауға қатырылған, тоңазытылған немесе суыған күйде (6 сағат ішінде кебу қабыршағы пайда болғанша суытудан өткен) рұқсат етіледі

- Жаңа сойылған немесе жібіп кеткен (жібітуден өткен) ет тасымалданбайды.

- Автокөлік құралдары, оның ішінде мамандандырылған автокөлік құралдары-ет тасымалдауға арналған рефрижераторлар тиісті түрде жабдықталады.

- Мамандандырылған емес автокөлік құралдарымен суыған және тоңазытылған етті тасымалдау іші ақ қаңылтырмен немесе мырышталған темірмен немесе осы мақсат үшін рұқсат етілген басқа материалмен қапталған, тығыз жабылатын қақпақты арнайы сусектермен (жәшіктермен) жүргізіледі.

- Суыған және тоңазытылған етті (құс етінен басқа) жақын қашықтықтарға, бір ғана елді мекеннің шегінде тасымалдау кезінде оны үйіп, бірақ ең көбі екі қабаттап тиеуге рұқсат етіледі. Бұл ретте автокөлік шанағының едені жуылған, таза кенеп, содан соң таза жаймалар төселеді. Еттің үсті де таза жаймалармен, ал содан соң кенеппен жабылады.

- Ашық шанақты автокөлік құралдарымен тасымалданатын мұздатылған етті қатарлап қалауға рұқсат етіледі, ол да жоғарыда көрсетілгендей таза жаймалармен жабылуы тиіс деп жазылған.

Алайда тұрғындармен, сойылған жануарлар еттері осы бұйрықтың талаптары ескермей тасымалдануда [61].

Ауылшаруашылық кооперативтерін ашу арқылы ұрланған мал еттерінің тасымалдануына кері ықпалын тигіземіз.

Бесінші:

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 22-бабы 1-бөлігінде ішкі сауда объектілеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау міндетті болып табылады делінген [7].

Яғни, өз құзыреті шегінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясының мамандары сатылымға түскен еттердің анықтамалары бар жоғын ғана тексереді. Алайда, сатылымға түсетін еттердің мөлшері туралы мәліметтерді талап ету құзыреттеріне кірмейді.

Сондықтан, қадағалау мен бақылаудың толық деңгейде жүргізілуін қамтамасыз ету үшін ішкі сауда объектілеріне кірген және сатылған еттердің нақты салмағы туралы қосымша күнделікті мәліметтерді талап ету құзыреті берілуі қажет. Сол арқылы ғана сатылымға түскен және сатылған еттердің салмақ айырмашылықтарына бақылау жасалады. Яғни, анықтамасыз әртүрлі жолмен жасырын келген еттерді анықтауға толықтай мүмкіндік пайда болады.

Алтыншы:

Тағы бір мәселе, жылқы жануарлары ауылшаруашылық малдарын бірдейлендіру (ИСЖ) ақпараттық жүйесіне сәйкестендіру нөмірі беріліп енгізілсе де іс жүзінде таңбаланбауы болып отыр. Кей жағдайларда мал иелері жаңа туған құлындарды 1 жасына дейін мүлде бірдейлендірмеу жайттары орын алады.

Оған себеп, мал иелерін заң жүзінде мәжбүрлеу шарасының болмауы. Таңбаланбаған жылқы жануары ұрланған жағдайда оны табу өте қиын. Жылқыны тапқанның өзінде таңбасы болмаған соң оны иесіне тиесілі екенін дәлелдеу қиынға соғады. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығының 30 бөлігінде, жеке тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру жасқа жеткенге үш жұмыс күнінен кем емес уақыт қалғанда, ауыл шаруашылығы жануарларының иелері берген арыздың негізінде жүзеге асырылды делінген [6].

Бұл бөлік, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабы 1 бөлігінің 5 тармағына қайшы келуде. Ол жерде, жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері көрсетілген. Яғни, жеке және заңды тұлға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге міндетті делінген [7].

Сондықтан, аталған бұйрықтың 30-бөлігіндегі «ауыл шаруашылығы жануарларының иелері берген арыздың негізінде жүзеге асырылды» деген сөзді «ауыл шаруашылығы жануарларының иелері арызбен жүгінуге міндетті» деген сөзбен ауыстыру және ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабына қосымша бөлік енгізіп, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді уақтылы қамтамасыз етпегені үшін жеке тұлғаның жауаптылығын қарастыру қажет. Сол кезде ғана жылқы жануарын нәтижелі бірдейлендіруге қол жеткізе аламыз [6].

Мысалы, ШҚО, Көкпекті ауданының №2 аудандық сотының 13.11.2020 жылғы үкімімен Д.К. Елеусизов ҚР ҚК-нің 188-бабы, 4-бөлігі, 3-тармағы, 361-бабы, 4-бөлігі, 3-тармағымен белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып ҚР ҚК-нің 58-бабы негізінде түпкілікті жаза ретінде 7 жыл тағайындалып, жазасын өтеу орта қауіпсіздіктегі түзеу мекемесінде өтеу белігленген.

Сонымен қатар, оның сыбайласы К.К. Бухарбаев аталған үкіммен ҚР ҚК-нің 188-бабы, 4-бөлігі, 3-тармағымен кінәлі деп танылып жаза ретінде 6 жыл тағайындалып, жазасын өтеу орта қауіпсіздіктегі түзеу мекемесінде өтеу белігленген.

Іс құжаттарына сәйкес Д.К. Елеусизов пен К.К. Бухарбаев 2018 жылдың 27 қыркүйегінен 28 қыркүйегіне қараған түні ШҚО Жарма ауданы аумағынан 21 бас жылқыны, 2018 жылдың 27 қазанынан 28 қазанына қараған түні ШҚО Көкпекті ауданы аумағынан 19 бас жылқыны алдын ала сөз байласып ұрлап кетіп, ұрланған жылқылардың ішінен 26 басын Түркістан облысы, Қарабұлақ кентінің тұрғынына сатып жіберген, 2018 жылдың 17-19 қараша аралығында полиция қызметкерлерінің күшімен К.К. Бухарбаевтың «Бүркіт» ШҚ-нан 2 бас бие алынған.

Яғни, Д.К. Елеусизов пен К.К. Бухарбаев Ұлан ауданына көрші аудандардың жылқыларын қараусыз еркін жайылымда жүрген жерлерінен айдап алып кетіп отырған және таңба салынбаған жылқыларды өздері таңбалап басқа облысқа сатып жіберген. Ұрланған жылқылардың иесі ішінара таңбаланғандарының ішінен ғана таныған. Қалғандарына К.К. Бухарбаев өз шаруашылығының таңбалаларын басып тастаған [62].

Бұдан, дер кезінде таңбаланбаған жылқы малдарын жоғалған соң тапқанның өзінде тану мүмкін емес екенін байқауға болады.

Мысалы, ШҚО аумағында тіркелген ауылшаруашылық жануарларының саны 3 277 412, соның ішінде жылқы - 415 994, ірі қара - 981 847, ұсақ мал - 1 732 694, түйе - 738.

Солардың ішінде 2 935 482 немесе 89% бірдейлендірілген, яғни жылқы - 323 099, ірі қара - 948 399, ұсақ мал - 1 660 182, түйе - 713.

Малды бірдейлендіру бойынша ең әлсіз жұмыс Тарбағатайда ұйымдастырылған. Ондағы 441 мың бас малдың 128 мың басы бірдейлендірілмеген немесе 29%.

Сонымен қатар Аягөз (353 мыңнан 88 мың немесе 25%), Көкпекті (49 мың 159 мыңнан немесе 30%), Жарма ауданы (338 мыңнан 37 мың немесе 10%), Катонқарағай (145 мыңнан 34 мың немесе 23%), Зайсан (179 мыңнан 23 мың немесе 12%) және Күршім (275 мыңның 23 мыңы немесе 8%) аудандарыда бар [63].

Жетінші;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығының 11-бөлігінде «Таңба басу ыстық немесе суық тәсілдермен жүзеге асырылады. Жылқыларға және тақ тұяқты жануарларға таңба денесінің сол жағына жауырын (клеймо) және жамбас аумағына (реттік нөмір) немесе тек жамбас аумағына (клеймо және реттік нөмір) салынады» делінген [6].

Сонымен қатар, көп жағдайларда жылқы жануарының иелері ыстық таңбалаудан қарағанда суық таңбалау әдісін таңдап жатады. Себебі ол тез жүзеге асатын және жылқы терісіне қауіпсіз тәсіл болып табылады. Алайда, суық таңбалау тәсілі азотты пайдалану арқылы жасалатындықтан, ақылы негізде болып келеді.

Сол себептен, азот арқылы таңбалауға кететін шығынның 50% мөлшерін субсидиялауды қолға алса, мал иелері тарапынан қолдау тауып, өз нәтижесін береді деген ойдамыз.

Зерттеу барысында ғаламтор арқылы жүргізілген сауалнамаға жалпы саны 23 адам қатысып 47% суық таңбалауды қолдаса, 36% ыстық таңбалауды жөн санаған. Басқалары білмейтіндері туралы жауап берген.

Суық таңбалау әдісін субсидиялауды ұсынып отыруымның басты себебі, ол ақылы түрде жүзеге асырылғандықтан жылқы ұстаушылармен сатылып алынуы қажет болады. Егер ауылшаруашылық жануарларының иелеріне белгілі бір уақыт аралығында бірдейлендіру міндеттілігі әкімшілік жауаптылық арқылы жүктелетін болса жаппай таңбалау болары анық. Сондықтан, шаруаларға жеңілдік ретінде суық таңбалау ақысының тең жартысын субсидиялау дұрыс деп санаймын.

Сегізінші:

Мал ұрлығы қылмыстардың орын алуына бірден бір себеп, ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қажетті деңгейде ұйымдастырылмауы екені бүгінгі күнге дейін айтылып келуде. Себебі, орталықтандырылған жайылым ұйымдастырылмағандықтан қараусыз еркін жайылып жүрген малдар ұрының оңай олжасына айналады.

Еліміз бойынша мал ұрлығының бестен бір бөлігі орын алатын Алматы облысында жайылымдарда – 291, қораларда – 101 және мал жаюға бөлінбеген басқа жерлерде – 95 мал ұрлығы орын алған. Бұл көрсеткіш бір облыс үшін аз емес [25].

Яғни, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 35 бабына сәйкес, өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру ауылдық округтер әкімдерінің құзыреттеріне кірседе, оң шешімін таппай келеді [64].

Бұл мәселе кей жағдайларда тиісті аумақта жайылымдық жерлердің жетіспеуінен туындайтынын айта кеткен жөн. Елді мекендер айналасындағы жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға арналған жер телімдерінің жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімдерге жалға берілуі және мақсатты түрде пайдаланылмауы себеп болып отыр.

2020 жылы жүргізілген прокурорлық тексеріс нәтижесі бойынша Қазақстанда жайылымдардың 98% немесе 72 млн га шаруа қожалықтарына бекітілгені, бірақ олардың тек 36% немесе 26 млн га ғана ауылшаруашылық жануарлары алатынын қалған 46 млн. гектар жайылымдық жер бос екені анықталды.

Бұл көбінесе жайылымдарды қисынсыз бөлуге және әкімдіктер тарапынан көрсеткіштерге ұмтылуға байланысты. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында Сырым ауданының әкімдігі «Оңғар» шаруа қожалығына 308 бас малды жаю үшін 108 гектар жер бөлсе, «Гауһар» шаруа қожалығына 2377 гектар алқапты жайылымға берген. Оның шаруашылығында 177 мал басы ғана тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысында әкімдіктер ауылшаруашылық тауар өндірушілерін көндіру мен оларды субсидиялау арқылы болашақ қолдауды

сылтауратып, малдары жоқ жерлерде жайылымдық жерлер алуға мәжбүр еткен. Әкімдік Үкіметке мыңдаған гектар ауылшаруашылық жерлерін айналымға тарту туралы есеп беген. Нәтижесінде бұл жерлер игерілмей қалып отыр.

Осылайша, ауылшаруашылық саласында жалған өркендеу жасалу жәйттарына жол берілуде.

Солтүстік Қазақстан облысының прокурорлары аумағы 502 мың гектар болатын пайдаланылмаған 1 мыңнан астам учаскені анықтаған. Мұның бәрі жергілікті халықтың мал жайылымы үшін жайылымдардың бір уақытта өткір жетіспеушіліктерін тудыруда.

Талдау барысында, азаматтардың жеке үй шаруашылығындағы мал басының саны 32 миллион гектар жайылыммен қамтамасыз етілу қажеттілігі анықтады.

Ең үлкен сұраныс Түркістанда (8 млн. га), Алматыда (4 млн. га), Қызылордада (3 млн.га), Қостанайда (3 млн. га) және Жамбыл облыстарында (3 млн. га) байқалады. Айта кету керек, бүгінде ірі қара малдың 55% -ы (4 млн бас) және қой (10 млн бас), 46% (1,3 млн бас) жылқы жеке шаруашылықтарда ұсталады.

Сонымен қатар, көбінесе жеке шаруа қожалықтарына жалға берілуіне байланысты елді мекендер шегінде және оның айналасындағы жайылымдарда малды жайып жіберуге мүмкіндігі бола бермейді.

Мысалы Жамбыл облысында жайылымдардың жетіспеушілігіне қарамастан, Байзақ ауданының әкімдігі кәсіпкер Е.Мухиевке тұрғындардың қажеттілігіне арналған жерден 35 га жер телімін алып берген.

Соның өзінде Е.Мухиев жер телімдерін мақсатсыз пайдаланған.

Сол облыста Бетқайнар ауылдық округінің әкімі әйеліне халықтың малын бағуға арналған жерден 538 гектар жер телімін берген. Қостанай облысында жайылымдарды тендерсіз, жер заңнамасында көзделмеген меморандумдар жасасу арқылы беру фактілері анықталды.

Атап айтқанда, Ломоносов ауылдық округінің әкімі А.Рамазанов мал жаю үшін 80 гектар жер телімін бөліп, өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Іс жүзінде арпа егу үшін 20 гектар жер пайдаланылған.

Ұқсас фактілер жалпы ауданы 1153 га болатын тағы 3 жайылымдық жер беру кезінде анықталды.

Солтүстік Қазақстан облысында жайылымдық жерлерді дәнді дақылдармен мақсатты бағытын өзгертпестен егу тәжірибеге айналған.

Сонымен қатар, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларының сақталмауыда, жайылымдық жер тапшылығының басты мәселесіне айналуға [64].

Тек 2020 жылдың 29 сәуірдегі «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің № 145 бұйрығымен ғана ауылдық округ әкімдеріне жайылымдық кезең басталудың алдында жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларының сақталуын қамтамасыз ету жүктелген [66].

Мәселен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы «Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту туралы» N 28 Бұйрығына сәйкес, жайылулары үшін 1 бас ірі қара үшін 35,8 кв.м, 1 бас жылқыға 38,4 кв.м және 1 бас ұсақ малға 11,6 кв.м дейін жер телімі рұқсат етілген [67].

Дей тұрғанмен, мал ұстаушымен жалға алынған жер телімдерінің аумағы оған тиесілі ауылшаруашылығы жануарларының санымен сәйкес келмейтін жайттарға жоғарыдағы талдау нәтижесі дәлел. Дәл сондай деректер алдағы уақытта қайталануы бек мүмкін.

Сондықтан прокурорлық талдау жұмыстарын жарты жылда бір рет жүргізу арқылы анықтап, пайдаланылмайтын жер телімдерін қайтарып отыру қажет.

Тоғызыншы:

Жоғарыда аталып кеткен мәселе еліміздің барлық аумақтарында бірдей орын алып жатқан жоқ. Жергілікті атқарушы органдармен жайылымдық жер бекітіліп берілседе, ауылшаруашылық жануарлары иелерінің салғырттығынан жайылымдық жерлерде малдарды қараусыз қалдыру деректері орын алып жатады. Соның салдары мал ұрлығына әкеліп соғатыны хақ.

Мал иелерінің жауаптылықтарын күшейтіп, тәртіпке бағындыру үшін ереже қажет болды. Себебі, мал жаюдың үлгілік қағидалары болмағандықтан құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық мәселесін көтеру қиынға соқты. Сол мәселені шешу үшін 2020 жылы бұйрық қабылданып мал жаюдың үлгілік қағидасы бекітілді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрық қабылданғаннан кейін, егер оның талаптарын бұзуға жол берген мал иесіне Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің *(ары қарай – ҚР ӘҚБтК)* 408 бабының 1 бөлігі бойынша ескерту жасаулып немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады [66].

Алайда, ескерту жасалғаннан кейін өз әрекетінен қорытынды шығармай бір жыл көлемінде дәл сол құқық бұзушылыққа қайталап жол беру жайттары кездеседі.

Мысалы 2020 жылы Қағидаларды бұзғаны үшін ӘҚБтК – нің 408 – бабының 1 – бөлігі бойынша 6 350 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылған (ШҚО – 2421, СҚО – 1 847, Қызылорда – 680, Павлодар-612, БҚО-752, Қостанай-38). Осы көрсеткіштердің 20% жуығы қайталап бір жыл ішінде жол бергендер.

Ұлан ауданында 2021 жылдың 3 айы көлемінде ҚР ӘҚБтК-нің 408-бабы 1-бөлігімен 185 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылса, соның ішінде 40 тұлға құқық бұзушылықты 1 жыл көлемінде қайталап жасаған.

Сондықтан, ҚР ӘҚБтК-нің 408-бабына «Бір жыл ішінде қайталанып жасалған дәл сол әрекет үшін» деген бөлікті қосқан жөн. Сәйкесінше салынатын айыппұлдың мөлшеріде қомақты болады. Бұл өз кезегінде құқық бұзушылыққа қарсы профилактика ретінде жұмыс жасайды.

Себебі, ҚР ҚК-не жаңадан енгізілген 188-1 бабы бір жыл ішінде мал ұрлығы қылмысының 27%-ге дейін төмендеуіне септігін тигізген [3].

Оныншы:

Мал ұрлығы қылмысының алдын алуға байланысты тағы бір шара, егер мал иесі малдарын өзі жаюға мүмкіндігі болмаса ұйымдастырылған негізде ауыл шаруашылық жануарларын жаю. Бұл ретте, ақылы негізде нақты бір бақташыға ресми түрде бекітіп беру арқылы бұл мәселені шешеміз. Кей жағдайларда мал иелері қаражаттың тапшылығынан немесе ай сайынғы ақысының жоғары болуынан бақташыға қоса алмай жатады.

Осы сұрақты бір ретке келтіру үшін және мал иелері тарапынан құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан жұмыспен қамту бағдарламасы арқылы бюджет қаражаты есебінен жұмыссыз тұлғаларды бақташы ретінде ауылшаруашылық кәсіпорындарына жұмысқа алып, әр бас мал үшін бақташыға төленетін қаражаттың мөлшерін азайту қажет.

Ол үшін «бақташы - мал иесі – жергілікті атқарушы орган» болып үш жақты келісім шарт жасасулары қажет. Бақташының материалдық жауапкершілігін ұмытпаған жөн. Сол кезде ғана, мал иелері тарапынан қаражат мәселесі туралы сұрақтар туындамайды деген ойдамыз.

Бақташының үміткерлігін міндетті түрде учаскелік инспектордың келісімімен алған абзал. Себебі, бұрын ұрлық, соның ішінде мал ұрлығы бойынша сотталған тұлғаны материалды жауапты тұлға ретінде округтің ауылшаруашылық жануарларын сеніп тапсырып беру тәуекел туғызады.

Осы орайда Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының оң тәжірибесін мысалға алуға болады.

Яғни, Солтүстік Қазақстан облысында 2019 жылдың соңында мал ұрлығы 25% өскен (75-тен 95-ке дейін).

Бақташыға төленетін ай сайынғы ақы жоғары болғандықтан (2500 теңге) қоспауының және жергілікті халық арасынан бақташы шықпаған соң ұрлықтың 45% еркін жайылымнан орын алған.

Соған байланысты жергілікті тұрғындар малдарын еркін жайылымға жіберуге мәжбүр болған.

Бұл мәселені шешу үшін 2019 жылдың 19 қарашасында облыс әкімінің қатысуымен мекеме аралық кеңес өткізіліп, онда мал жаю үшін ауылшаруашылық кәсіпорындарынан қоғамдық және әлеуметтік жұмыс орындарын құру мәселесі көтерілген (2016-2020 жылдарға арналған жұмыспен қамту және аумақтарды дамыту бағдарламасы).

Аталған бастама облыс әкімдігі тарапынан қолдау тапқаннан кейін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар мекемелері арқылы облыс бойынша 106 адам жұмысқа орналасқан.

Мысалы, Айыртау ауданының 4 елді мекенінде «Жарқын СК» ЖШС-де төрт «Бақташы» жұмыс істейді, жалақы 42 500 теңгені құрайды, оған тұрғындардың әр бас малынан 700 теңге қосылады.

Нәтижесінде бұл жұмыс оң нәтиже беріп, облыс көлемінде мал ұрлығы 2 еседен астамға (63-тен 25-ке дейін), жайылымнан 4 есеге (26-дан 6-ға) дейін азайған.

Тұрғындар құқық бұзушылықтар мен орын алып отырған проблемалар туралы «Whatsapp» мессенджері арқылы хабарлайды.

Жергілікті атқарушы органдар ветеринария бөлімімен бірге апта сайын есепке алудың дұрыстығын және мүліктің сақталуын тексереді [68].

Осы оң тәжірибені республиканың барлық облыстарына қолдану арқылы мал ұрлығының алын аламыз.

Он бірінші:

Бүгінгі күнгі ауылшаруашылық саласын сандық жүйеге көшіру мәселесі асқан қажеттілікті талап етіп отыр. Қоғам көш ілгері дамып, заман алға жылжыған сайын ауылшаруашылығы саласыда бірге даму қажет. Себебі, төрт түлік мал адамзат өмірімен тығыз байланыста болғандықтан оларды әртүрлі аурулардан, ұры-қарылардан қсақтау басты орында. Дегенменде, қазіргі кездегі ауылшаруашылық саласының сандық жүйедегі жағдайы мез емес. Ауылшаруашылығы жануарлары деректер базасына енгізілседе, сол базадан сан түрлі кемшіліктер мен олқылықтардың орын алып жатады.

Мысалы, 2019 жылдың 1 тоқсанына арналған жұмыс жоспарының 3 бөлігіне байланысты 2016-2018 жылдар аралығында кәсіпкерлерге субсидия түрінде көрсетілген мемлекеттік қаржылай қолдаудың заңдылығын тексеру туралы облыс прокуратурасының тапсырмасы негізінде Ұлан ауданы прокуратурасымен «Ұлан аудандық ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөлімі» ММ-не тексеру жұмыстары жүргізілген болатын.

Тексеру нәтижесі көрсеткендей, ауылшаруашылық жануарлары бірдейлендіру жөніндегі деректер базасына енгізілгеннен кейін олардың жеке нөмірлерінің орындары басқа ауылдық округ немесе облыстың басқа аудандарында орналасқан шаруа қожалықтары жануарлары санымен ауысулары анықталған және әлі күнге дейін бұл мәселе бар. Бұл кемшіліктердің орын алуы базаның толық деңгейде пісіп жетілмеуімен байланыстыруға болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы «Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» N 367 бұйрығының (ары қарай-Бұйрық) 38 бөлігінде дерекқорды қалыптастыру мен жүргізу тізімі көрсетілген және олар келесідей;

- жануарлар иесі туралы мәліметтерді енгізу (жаңарту):
- бірдейлендірілген жануарлар туралы мәліметтерді енгізу (жаңарту):
- жануардың жеке нөмірі;
- тұқымдық немесе желілік тиесілілігі (бар болса);
- жынысы, түрі, лақап аты (бар болса),
- дерекқорға мәліметтерді енгізгеннен кейін өзгертуге жатпайтын туу туралы деректер (жасы, туған күні), (жануардың туу туралы мәліметтер дерекқорға енгізілген сәттен бастап жануардың жасын автоматты түрде есептеу жүзеге асырылады),
- жануардың шығу тегі туралы мәліметтер (сатып алу, туу, импорттау, сыйға тарту, пайдалану құқығын беру, иелену және жануардың шығу тегінің басқа да жағдайлары), жануарды есепке қою күні, өлу (қырылу) туралы

деректер, өлу (қырылу) фактісінің анықталған күні, өлу (қырылу) себептері, союға жіберілген күні, сою күні, сою себебі (тек санитариялық сою кезінде), заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі), ЖСН), жануар сойылған (сойылған) өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі мен мекенжайы, БСН-сы, көрсетілген жануардың сойылғаны туралы деректер (өткізу үшін, жеке тұтыну үшін, санитариялық сою үшін) және тағы басқа мәліметтер көрсетіледі [69].

Егер, жануар иесіне өзінің шаруашылығындағы жануарлар туралы бірдейлендіруге қатысты жоғарыдағы мәліметтер қажет болса ветеринария саласының маманына өтініш жазу арқылы ғана ала алады.

Сонымен қатар, деректер базасына кіруге және ондағы мәліметтерді өзгертуге, толықтыруға тек ветеринария саласы маманының рұқсаты бар.

Ендігі кезекте мал ұрлығының алдын алу бойынша осы жүйені жануарлар иесіне тиімді етіп жетілдіру бағытында келесідей жұмыстар атқаруды ұсынамын:

Тәжірибеде, жануарлар иелері өз шаруашылығындағы мал бастарының есебін орталықтандырылған жүйеде жүргізу мүмкіндіктері жоқ.

Сондықтан, ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасына ұқсас, ақпараттандыру туралы заңға сәйкес жүзеге асырылатын, бірақ мал иелеріне арналған дерек қорын жасау қажет. Ол дерек қорға мал иесі өзінің жеке ЭЦҚ (*электронды цифрлік қолтаңба*) немесе логин/құпия сөз арқылы кіруіне мүмкіндік болады.

Онымен қоса, дерек қорға шаруашылықта тіркелген мал бастары туралы толық мәліметтер ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру жөніндегі базасымен ақпарат алмасу арқылы мал иесіне мәлімет ретінде көрініп тұрады. Бірақ, жеке мәліметтерді өзгертуге, толықтыруға және жоюға мал иесінің рұқсаты болмайды.

Одан бөлек, мал иесіне арналған дерек қорына өздерінің ішкі есебін жүргізетін жеке бөлікті қарастыру қажет. Ол жерде өзінің шаруашылығына тиесілі жануарлардың тізімін жүргізіп, өзгертіп, толықтырып отыруға мүмкіндік беріледі.

Дәл сондай, ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасыда аталған жүйедегі мал иесі жүргізетін ақпараттар көрініп тұрғанымен ветеринария маманының ондағы мәліметтерді өзгертуге құқығы болмайды. Әр тоқсан сайын сол жүйе арқылы мал бастарының салыстырмалы актісі жасалып отырады. Сол кезде ғана мал бастарының есебінің дұрыс және нақты жүруіне мүмкіндік болады.

Содан кейін, аталған жүйенің мобильді нұсқасын жасап қолданысқа енгізу қажет.

Себебі, мал иелері шаруашылық алаңдарында жүрген кезде үнемі компьютер кол жетімді бола бермейді. Интернеті желісі бар кез келген аумақта жеке мәліметтерді толықтыруға мүмкіндіктері болады.

Ендігі кезекте мал ұрлығының алдын алу және ақпарат алмасу қызметін жеңілдету мақсатында ауылшаруашылық малдарының терісі астына жануар туралы толық мәліметтер жазылған микро чиптер енгізу қажет. Оның ішіне

жануардың бірдейлендіру нөмірі, түсі, кімге тиесілі екені және иесінің телефон нөмірлері туралы мәліметтер жазылады.

Микро чип ішінде жазылған деректерді оқу үшін молбилдi құрылғыдағы NFC қысқа қашықтықтағы байланыс технологиясы арқылы кез келген адам жануар туралы мәліметті оқуына мүмкіндігі болады.

Тиімділік жағынан полиция мен жергілікті атқарушы органдарының жұмыстарын жеңілдетеді. Қараусыз жүрген мал бастарын айыппұл тұрақтарына тоғытып, олардың иесі табылғанша қамап ұстап, жем шөптерін беріп асырағаннан гөрі иесі кім екенін білуге мүмкіндік болады. Сонымен қатар жануарды сатып алған уақытта сатып алушы малдың кімге тиесілі екенін, ұрланған ұрланбағанын бірден біле алады.

Тағы бір артықшылығы, жануарды сатқан уақытта оның иесі қосымша арқылы микро чиптегі мәліметті өзгертіп, сатып алушының жүйесіне ауыстырып беріп, өзінің есебінен сатылып кетуі бойынша бірен шығара алады.

Осы жоғарыда айтылған мәселелер тәжірибеде жиі кездесетіндіктен, олардың шығу жолдарын қарастыру асқан қажеттіліктен туындаған әрекет. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей, мүмкіндігінше осы мәселелерді болдырмайтын, алдын-алу шараларын қабылдағанмыз жөн. Бар ауыртпашылықты атқарушы орган мен полицияға артып әр азамат саналы түрде ұрлықтың алдын алуға қажетті шаралар қабылдаса мемлекетке үлкен көмек болар еді. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» - дегендей, мал ұрлығымен жұмыла күрескенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткіземіз.

Заңнама мен оған тәуелді актілерді зерделей келе, оларға жаңа бағыт, өзгеше леп керектігі туралы ойға келдік. Ауылшаруашылық саласын реттейтін заңнамалардағы егжей тегжейліктері мен ережелердің бір біріне деген қайшылықтарын жоя отырып, заңнама талаптарының нақты және сөзсіз орындалуына жағдай жасаймыз. Салалық заңнамалар реттелмейінше ықпал ету тетігі қалыптаспайды. Ал қажетті деңгейде заңды сақтауға заң шығарушы тарапынан ықпал жасалмаса белгілі бір нәтижеге жете қою қиын.

Себебі, қандайда бір ереже ауылшаруашылық жануарлары иелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілесе де, оларды бұзғаны үшін әкімшілік заңнама жауаптылықты көздемейді. Ықпал ету тетігі болмағандықтан міндеттер жай ғана міндет болып қала береді.

Сондықтан да азаматтардың белгілі бір тобы өздерінің заң алдындағы жауапкершіліктері мен міндеттерін шетке ысырып қойып, саналы түрде заң бұзушылыққа жол беріп жатады. Тәжірибеде жүрген қызметкерлер онымен күделікті кездеседі және кездесе тұра заңнамалық тұрғыдан ықпал жасағанға ешқандай мүмкіндік болмаған соң ескерусіз қалып кететін кездер болады. Егер әрбір тұлға өзінің жауапкершілігінің артында қоғам қауіпсіздігі мен басқа да адамдардың мүдделері тұрғанын сезінсе құқық бұзшылықтар айтарлықтай азаяр еді.

«Тәртіпке бағынға құл болмады» - деп Бауыржан Момышұлы батырымыз айтып өткендей, егер темірдей тәртіп болса бағынбайтын қоғам болмайды.

Заң - аты айтып тұрғандай қоғамға дұрыс бағытты сілтеп, тәртіп бұзбауға, еліміздің әрбір азаматына өзінің ортадағы маңыздылығын сезіндіре отырып оларды дұрыс жаққа тәрбиелеу немесе құқық бұзушылық пен олардың салдарын ескерту.

3.3. Ұрлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары

Ұрлықтың жалпы әлеуметтік және арнайы - криминологиялық алдын алу шараларын әзірлеу және жүзеге асыру ҚР-ның барлық мемлекеттік органдарының міндеті болып табылады.

Сонымен бірге, ұрлықтың алдын алу негізгі мақсаттарының бірі саналатын мемлекеттік билік жүйесінде үш органды, яғни ПО, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын және прокурорларды бөліп көрсетуге болады және олардың күнделікті қызметтің маңызды бағытын құрайды.

Ұрлықтың алдын алуда жетекші рөл ПО-на тиесілі, олар Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі N 199-V «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңына сәйкес, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыспен күресу, қылмыстық жазалар мен әкімшілік жазаларды орындау міндеттері жүктелген [70].

Ұрлықтың алдын алу бойынша арнайы-криминологиялық шараларды әзірлеу мен жүзеге асырудың ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесінің басты буыны құрылымдық жағынан жедел іздестіру, әкімшілік полиция, тергеу, анықтау және басқа бөлімшелерден тұратын орталық және аумақтық полиция органдары болып табылады.

Бұл полиция бөлімшелері өз өкілеттіктері шеңберінде ұрлықтардың алдын алу, оларды ашу және тергеу, ұрлық жасағандарды анықтау бойынша іс-шараларды тікелей жүзеге асыра отырып азаматтармен, қоғам өкілдерімен, жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттеседі.

ПО ұрлықтардың алдын алу, анықтау және ашу бойынша біршама жұмыстар жүргізседе, статистика мен тәжірибе көрсеткендей, бұл қызметтің тиімділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр.

ПО-ның ұрлықтың алдын алу тиімділігін арттырудың бірнеше әдісі бар. Қазіргі уақытта мемлекет оларды жүзеге асыру үшін белгілі бір іс-әрекеттерді жасап үлгерді. 2015 жылдың қараша айында «Ұлт жоспары - мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» 30-шы қадамын іске асыру аясында жергілікті полиция қызметі құрылды.

Жергілікті полиция қызметі - бұл ішкі істер органдарының құрылымында құқық қорғау органдарын азаматтардың қажеттіліктеріне барынша жақындату, ішкі істер органдарының жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті қоғамдастық алдында есеп беруін құру, сонымен қатар халықтың полицияға деген сенімін арттыру үшін құрылған жаңа құқық қорғау мекемесі. Жергілікті полиция қызметін құру аймақтардағы тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, жергілікті деңгейде профилактикалық жүйенің құрылуын қамтамасыз етуге арналған.

Қазіргі уақытта республикада жергілікті полицияның саны 25 мыңнан астам қызметкерді құрайды. Оның 7,6 мың бірлігі учаскелік полиция инспекторлары [74].

Жергілікті полиция қызметінің құрамына кіретін учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілері ұрлықтың алдын алу жүйесінің негізгі буыны болып саналады. Олар белгілі бір әкімшілік аймақтағы азаматтардың тұрғылықты жерінде тәртіпке келтіру және құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін тікелей жауап береді.

Ұрлықтың алдын алу бойынша арнайы криминологиялық шараларды жүзеге асыру шеңберінде учаскелік полиция инспекторлары профилактикалық есепте тұрған 160 мыңнан астам адамның (19,6 мың бұрын сотталған, 74,5 мың маскүнем, 17,4 мың нашақор, 24,4 мың шартты түрде сотталған және т.б.) мінез-құлқын бақылайды, қылмыстарды ашуға үлкен үлес қосады.

Қылмыстардың алдын-алумен қатар, жергілікті полиция қызметінің басты міндеттерінің бірі - 2013 жылдан бастап бірыңғай қызметке біріктірілген жол-патрульдік полиция бөлімшелеріне жүктелген қоғамдық тәртіпті қорғау.

Сонымен бірге ішкі істер органдарының қызметі ұрлықпен күресу жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруға тікелей әсер ететін бірқатар проблемалармен байланысты.

Әлеуметтік қорғау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету проблемалары, сондай-ақ кадрлар мәселесі өзара тығыз байланысты.

Мысалы, учаскелік инспекторлардың еңбек жағдайларын және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мәселелері, әсіресе ауылдық жерлерде шешілмеген. Қазақстандағы 2,7 мың учаскелік полиция бекеттерінің 1,4 мыңы жөндеуді қажет етеді, 430 жаңа учаскелік пунктін қосымша құрылысы қажет. Учаскелік полиция бекеттерінің тек 38% -ы ғана ҚР ІІМ-нің ақпараттық базаларына қашықтықтан қол жеткізе алады. Учаскелік полиция қызметкерлерінің үштен біріне жуығы тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген, ауылдық округ полициясының сол көлемдегі қызметкерлерінде қызметтік автокөліктер мен радиостанциялар жоқ.

Ұрлықтың алдын алуда маңызды рөл әкімдіктер (атқарушы орган) және мәслихаттар (өкілетті орган) ұсынатын жергілікті мемлекеттік органдарға жүктелген.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы No 148-ІІ Заңына сәйкес, бұл органдарға жалпы әлеуметтік алдын алу шараларын әзірлеу және жүзеге асыру міндеттелген.

Дәл осы жергілікті атқарушы органдар қылмыстың алдын алу саласындағы аймақтық бағдарламалық құжаттарды бекітеді және олардың орындалуы туралы есептерді қарастырады, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі бойынша ұйымдардың құрылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуді ұйымдастырады және азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Әкімдіктер қылмыстық жазаны өтеген адамдарға жұмыс квоталарын белгілейді. Жергілікті полиция қызметі туралы заңның қабылдануымен әкімнің құзыреті едәуір кеңейді. Мәслихат депутаттарының келісімімен әкім жергілікті полиция қызметінің басшыларын тағайындайды және қызметінен босатады, қоғамдық тәртіпті қорғауды

қамтамасыз ету бойынша міндеттер қояды және олардың орындалуын талап етеді.

Жергілікті полиция қызметінің бастығы жылына кем дегенде екі рет - әкімдіктер мен мәслихаттар алдында және жылына бір рет - халық алдында есеп береді. Осылайша, жергілікті полиция қызметінің жұмысын бағалаудың басты критерийі - бұл халықтың пікірі. Демек, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұрлықтың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру бойынша айтарлықтай кең өкілеттіктер бар.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінде көптеген аймақтарда қылмыстың, оның ішінде ұрлықтың алдын алудың тиімді жүйесі жоқ. Жергілікті полиция қызметінің, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің әлеуеті толық пайдаланылмаған, халықпен өзара байланыс орнатылмаған. Жергілікті атқарушы органдар ұрлықтың алдын алу бойынша кешенді бағдарламаны әзірлеуі және іске асыруы қажет.

Барлық жергілікті билік пен әкімшіліктің, соның ішінде жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, білім беру, үкіметтік емес ұйымдар, қауіпсіздік органдары және т.б.

Шет елдерде осындай өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың мысалы ретінде Ұлттық кеңестерді құруға болады. Мұндай кеңестер ақпарат жинау және талдау, құқық бұзушылықтың алдын-алу бағдарламаларын жоспарлау, іске асыру және бағалау, полицияның және осы салада жұмыс істейтін басқа органдардың қызметін үйлестіру, қоғамның қатысуын, бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, заңнамалық қылмыспен ынтымақтастықты қамтамасыз ету функцияларын орындайды [71]

Бүгінгі күні мемлекет пен қоғамның серіктестігін нығайтуға, барлық органдардың қылмысқа қарсы күресте ынтымақтастығын орнатуға бағытталған белгілі бір қадамдар жасалды.

Орталық деңгейде премьер-министр басқаратын қылмыстың алдын-алу жөніндегі үкіметтік комиссия жұмыс істейді, ол құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерін орталық мемлекеттік органдардың басшыларымен ғана емес, сонымен қатар облыс әкімдерімен талқылауға арналған ресми алаңға айналды.

2007 жылдан бастап барлық құқық қорғау органдары жанынан азаматтық бақылау функцияларын жүзеге асыратын және халықпен өзара іс-қимылды кеңейту құралы ретінде әрекет ететін қоғамдық кеңестер құрылды.

2015 жылдың 2 қарашасында «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, алғаш рет мемлекеттік органдар мен олардың өзара іс-қимылын орнататын және реттейтіндей жоғары деңгейде қабылданды (үкіметтің қаулылары, министрлердің немесе әкімдердің бұйрықтары емес).

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық және жергілікті деңгейлерде құрылған қоғамдық кеңестер кез-келген азаматтың санасын, жауапкершілігін қалыптастыруға, тәрбиелеуге көмектесетін медиаторлар ретінде аймақтың дамуының стратегиялық мәселелерін шешуге қатысуы қажеттігі көрсетілген [72]

Прокуратураның ұрлықтың алдын алудағы рөлі мемлекет оған жүктелген міндеттерден тікелей туындайды.

Прокуратура құрылған кезден бастап және мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде Конституция мен заңдардың нақты және біркелкі орындалуын қадағалайды, мемлекет мүдделерін, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғайды және құқық бұзушылықтың алдын алады.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қылмыстың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізеді, олардың маңызды бағыттарының бірі ұрлықтың алдын алу болып табылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Ұрлықты тоқтат» жобасы аясында Астана қаласының прокуратурасы ұрлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Барлық мемлекеттік органдардың қызметіндегі өзекті мәселе қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы бірлескен бағдарламалық құжаттардың, оның ішінде ұрлыққа қарсы бірлескен жұмысты ұйымдастырылмауы, қылмыстың алдын алу субъектілерінің қызметіне сапалы әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі болып отыр.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Прокуратураға шешуші рөл жүктелген, өйткені оларға барлық басқа құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіретін, заң саласындағы үлкен өкілеттіктер берілген» деп атап өткендей, прокуратура органдары өздерінің ерекше конституциялық мәртебелерінің арқасында өз өкілеттіктері шеңберінде қылмыстың алдын алуды жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар басқа құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіруші ретінде де әрекет жасай алады.

Осыған байланысты, қылмыстың жекелеген түрлері мен топтарының алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін қарастыратын ведомстволық және ведомствоаралық жоспарларды (жобаларды) әзірлеу және жүзеге асыруды үйлестіру, криминологиялық қылмыстың алдын алу прокуратура органдарының негізгі қызметтерінің бірі болып табылады.

Мұндай бағдарламалар барлық алдын алу субъектілерінің өзара әрекеттесуін және үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуге арналған. Олардың құрамына аймақтық ерекшеліктерді, қылмыстар жасау үшін себептер мен жағдайларды ескере отырып зерттеуге бағытталған іс-шаралар кіреді; меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына, басқа лауазымды адамдарға және азаматтарға қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың нысандары мен әдістері туралы хабарлау; мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының халықпен, қоғамдық бірлестіктермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен заңдылық пен тәртіпті қорғау бойынша өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; материалдық құндылықтарды сақтау объектілерін, олардың техникалық жабдықталуын сертификаттауға ұсыныстар енгізу; басқа жалпы алдын алу шараларын жүзеге асыру кіреді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың, оның ішінде ұрлықтың алдын алуды реттейтін бірыңғай құқықтық жүйе қалыптассада, мал ұрлығына қатысты айтарлықтай өзгеріс жоқ. Алайда, құқық

бұзушылықпен күресу практикасы осы салада жаңашылдықты және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруді талап етеді.

Қылмыстың алдын алу саласындағы маңызды міндеттердің бірі - қылмысқа қарсы бағытталған азаматтардың белсенді қоғамдық пайдалы мінез-кұлқын ынталандыру шараларын әзірлеу.

ПО-ның, прокуратураның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін зерттеу негізінде ұрлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік органдар мен органдардың қызметін жетілдіру негізінде автор бірқатар іс-шараларды ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жеке меншікке қарсы қылмыстар қай кезде болсын азаматтардың материалдық құндықытарының қауіпсіздігімен байланысты болғандықтан қауіпті болып саналған. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ қазақ халқының өмірі тікелей төрт түлікпен байланысты болған. Сондықтан мал ұрлығы қылмысы қандай заманда өмір сүрсекте өзінің қоғамға теріс ықпал етуімен ерекшеленіп келеді.

Ауылшарушылығы жануарларының қауіпсіздігі еліміздің азаматтары үшін маңызды екенін ескеріп ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың соңында қылмыстық, қылмыстық процесстік заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойып, бірқатар қылмыстарды ауыр қылмыстар санатына жатқызылған болатын.

Соның ішінде сәйкесінше мал ұрлығы қылмысыда назардан қалған жоқ. Қылмыстық кодекстен жеке бап ретінде орын алды. Осыдан-ақ мал ұрлығының қоғам үшін елеулі мәселе екенін байқауға болады. Бұл өзгеріс енгізілгеннен кейін бар жарым жылдың ішінде қандай оң нәтижелерге қол жеткіздік деген орынды сұрақ туындайды.

Зерттеу жұмыстарын қортындылай келе, оның нәтижесінде 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы және 2021 жылдың 3 айы көлемінде мал ұрлығының тіркелу деңгейі елеусіз деңгейде төмендеген. Бұл қылмыс деңгейінің төмендеуіне құқық қорғау органдары тарапынан жүргізіліп жатқан қылмыстың алдын алу шараларының нәтижесімен қоса мал ұрлығы қылмыстары үшін жазаның қатаңдатылуы себеп деп айтар едім.

Жалпы, мал ұрлығы қылмысы жаңа бапқа бөлінбей тұрғанның өзінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша нақты мал ұрлығы қылмысының деңгейі соңғы 5 жылда 22% төмендеген. Дәлелмен келтіретін болсам оның статистикалық көрсеткіші келесідей.

2016-478, 2017-407, 2018-473, 2019-376, 2020-371 мал ұрлығы тіркелген.

Осы статистикалық мәліметтерге зер салсақ мал ұрлығы бойынша жауаптылықты күшейткен қаншалықты тиімді деген ой туындайды.

Мал ұрлығы қылмысы үшін жазаның күшейгені құптарлық іс, бірақ бас бостандықтан айырудан басқа оның жазасының балама түрі жоқ екенін ескерсек, кейбір мал ұрлықтары үшін тіптен қатаңданып кеткендей.

Мысалы, ҚР ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігі 2-тармағының (тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау) санкциясы бес жылдан он жылға дейін бас бостандықтан айыру жазасын қарастырады.

Егер тұлға, жәбірленушінің мал қорасына немесе ауласына кіру арқылы бір бас ұсақ мал ұрласа (бағасы 30-50 мың арасында) міндетті түрде сотпен оған ең төменгі жаза ретінде бес жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Себебі басқа балама жаза жоқ.

Кінәліні жәбірленушінің кешіргенін, залалдың орнын толтырғанын, оның асырауында балалары бар екенін, отбасының жалғыз асыраушысы екенін, жасаған ұрлығының қоғамға қауіптілік дәрежесінің төмендігін ескерсек бұл қатаңырақ жаза деп санауға болады.

Сондықтан, орын алған қылмыстың салдарымен күрескеннен гөрі, орын алмаған қылмыстың алдын алумен күрескен әлде қайда тиімдірек деп ғалымдар айтып кеткендей, ең басты күшпен қаражатты мал ұрлығы қылмысының алдын алу шараларына жұмылдырған жөн.

Ол үшін қылмыстық заңнамаға дейін жеткізбей ауылшаруашылығы саласындағы нормативті құқықтық және заңға тәуелді актілердің арасындағы қарама қайшылықтарды ретке келтіріп, кейбір мүлдем қолданылмайтын қылмыстық кодекстің баптарын жандандырып, тәжірибені өзгерткен дұрыс санаймыз.

Нақты айтатын болсақ зерттеу нәтижесі көрсеткендей мал ұрлығы ең бірінші мал жаюдың ұйымдастырылмауы, мал бастарының еркін жайылымда қараусыз жүруі, жайылымдық жер жетіспеу мәселесі, кейбір аумақтарда жер жетіспеу мәселесі жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдан жасалып отырғаны, жануарлардың бірдейлендірілмеуі, жануарлар еттерінің тасымалдануы мен олардың талапқа сай сатылуына ықпал ететін қатаң ереженің жоқтығынан орын алып отырғаны анықталды.

Мысалы, ҚР ҚК-нің 196 бабы кодексте болғанмен (Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу) іс жүзінде тәжірибеде қолданылмай келе жатқан бап емес.

Бұл баптың қолданылмауына себеп оның алғышартында мүлікті сатып алған тұлғаның сатқан тұлғамен алдын-ала уағдаласпасада мүліктің қылмыстық жолмен табылғанын білуі қажет немесе сатқан тұлға оған сатар алдында мүліктің қылмыстық жолмен келгенін ескертуі қажет. Тәжірибедегі мәселе осы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында, «Көрінеу» мағынасын қалай түсіну қажеттігі ашып көрсетілмеген.

Сондықтан, «Көрінеу» сөзінің мағынасын ашу үшін нақты сатып алынған заттың күдік тудыратын жақтарын, яғни, қандай уақытта затты сатып жатқаны (адам саябырситын түнгі уақытта), зат бағасының нарықтық құнынан тым төмендігі, сатушының өте асығыстығы, сатылатын мүлікке сатушының әл-ауқат жағдайының сәйкес келмеуі сынды жағдайларды жатқызу қажет.

Ауылшаруашылық жануарларының тасымалдануы мен олардың еттерінің орын ауыстырылуы тиісті министрліктердің ережелерімен, бұйырқтарымен реттелгендіктен және ол ереже талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық қарастырғанын назарға алатын болсақ, басқа заттар сияқты емес мал бастарын сатып алғанда сатушыдан оның тасымалдау туралы және веретринариялық құжаттарын сұратылуы қажет. Егер, етпен мал бағасының нарықтық құнынан төмендігін пайдаланып сатып алған тұлғаның әрекетін жоғарыда көрсетілген ҚР ҚК-нің 196 бабымен саралу қажет.

Мал ұрлығының алдын алудың тағы бір түрі, мал жаюдың үлгілік қағидасы талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту.

Себебі, мал иелері тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің 408 -бабы 1-бөлігі талаптарының бұзылуна жол беріп, жауаптылыққа тартылғандарымен қоймай бір жыл ішінде қайталап жасау жәйттар орын алуда.

Сонлықтан, «Бір жыл ішінде қайталанып жасалған дәл сол әрекет үшін» деген бөлікті қосу қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылдың 26 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» № 229 Жарлығын [8] ескере отырып қоғамдық тамақтану объектілеріне (*дәмхана, мейрамхана*), бизнес субъектілерімен сатылып алынған еттердің анықтамалары және олардың мөлшері туралы мәліметтерді айына бір рет мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясына жолдап тұруға заңнамамен міндеттеу қажет.

Мал ұрлығы қылмысының алдын алу мәселесін бір жолата шешудің тағы бір жолы жерігілкті атқарушы орган тарапынан бюджет қаржысы есебінен жұмыссыз тұлғаларды малшы ретінде жұмысқа кіргізіп, ең төменгі еңбекақымен қамтамасыз етіп, мал иелері ай сайын бір бас малды бағу үшін төлейтін ақының құнын 50% дейін азайтып, «Малшы, жергілікті атқарушы орган және мал иесі» болып үш жақты шарт жасасу қажет. Бұл тәжірибе еліміздің кейбір облыстарында қолға алынып, өзінің нәтижесін беруде.

Қазақстан Республикасының

Сонымен зерттеу нәтижесін зерделей келе мал ұрлығы қылмысының алдын алу үшін қылмыстық жазаны күшейтуден бөлек ауылшаруашылығы саласын реттейтін заңдар мен заңнамалық актілерді толықтырып, мал ұрлығының алдын алуға ықпал етуші құрал ретінде тәжірибеде қолдану керек деген қорытындыға келдік.

Қолданылған қайнар көздер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02 қыркүйек 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы // Кіру режимі: (https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy). Өтінім жасау уақыты: 23.01.2021 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылдың 27 желтоқсанындағы № 292-VI ҚРЗ Заңы // Кіру режимі: (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000292#z233>). Өтінім жасау уақыты: 25.01.2021 ж.
3. ҚСЖАЕА Комитетінің «АИС ЕУСС» базасынан алынған мәліметтер. Өтінім жасау уақыты: 25.01.2021 ж.
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // (<https://stat.gov.kz/>). Өтінім жасау уақыты: 25.01.2021 ж.
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 5 шілдесіндегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» №235-V ҚРЗ // (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>). Өтінім жасау уақыты: 26.01.2021 ж.
6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығы // (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011127>). Өтінім жасау уақыты: 26.01.2021 ж.
7. Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 10 шілдесіндегі «Ветеринария туралы» N 339 Заңы // (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000339/z020339.htm>). Өтінім жасау уақыты: 28.01.2021 ж.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылдың 26 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» № 229 Жарлығы // (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U19000000229>). Өтінім жасау уақыты: 28.01.2021 ж.
9. Сарсембаев М.А. Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015.
10. Материалы по казахскому обычному праву. Сборник. Изд-во АН КазССР. Алма-Ата, 1948.
11. Алауханов Е.О., Каирова Н.И. Преступное насилие в отношении женщин (уголовно-правовые и криминологические аспекты). Алматы: Нур-пресс, 2008.
12. Тауке ханның "Жеті жарғысы" тақырыбында жазылған баяндама. // (<https://infourok.ru/doklad-na-temu-tauke-hanni-zheti-zharisi-3740557.html>). Өтінім жасау уақыты: 30.01.2021 ж.

13. Барымта Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет // (<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BC%D1%82%D0%B0>). Өтінім жасау уақыты: 30.01.2021 ж.
14. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века: учеб. // Е.Бекмаханов. - Алма-Ата: Казак университеті, 1992.
15. Ахмедов А. Социальная доктрина ислама. М., 1982.
16. Тургумбаев М.Е. Институт преступления и наказания в мусульманском праве: дисс. ... докт. философ. (PhD). Алматы, 2014.
17. Парамонова Л.Ф. От «сведущих людей» к «судебному эксперту»: эволюция понятия (на примере Республики Казахстан) // Материалы международной научно-практической конференции «Уголовное судопроизводство: история и современность».
18. Материалы по казахскому обычному праву.
19. Артикул воинский 1715 года // (https://histerl.ru/lectures/18_vek/artikul-voinskiy-1715.htm).
20. Бабкова Г.О. Уголовно-процессуальные законопроекты Екатерины II и российское законодательство второй половины XVIII в. (К истории указа «О трех родах воровства» 1781 г. и «Устава благочиния» 1782 г.) // Актуальные проблемы российского права Выпуск № 2 / 2015.
21. Свод Законов Российской Империи. Том XV. // ([URL:http://civil.consultant.ru/reprint/books/](http://civil.consultant.ru/reprint/books/))
22. Таганцев Н.С. Устав о наказаниях, налагаемых мировыми судьями. СПб., 1909.
23. Декреты СНК КазАССР по борьбе с патриархально-родовыми пережитками // (<https://infopedia.su/1x52cc.html>). Өтінім жасау уақыты: 30.01.2021 ж.
24. Лунеев В.В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. М., 1997.
25. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 28.12.2020 жылғы ақпараттық хаты. // «ИС Қадағалау» ақпараттық жүйесі.
26. Криминология: учебник /под ред. Л. И. Долговой. М, 1999; Криминология: учебник / под общ.ред. В. Н. Бурлакова, В. П. Сальникова, С. В. Степашина. СПб., 1999; Милюков С.Ф. Факторы, обуславливающие преступность // Криминология: учебник / под ред. В.Н. Бурлакова, Н. М. Кропачева. СПб., 2002.
27. Кудрявцев В.Н. Генезис преступления (опыт криминологического моделирования). М., 1997.
28. Курс советской криминологии / Под ред. Г.А. Аванесова. М., 1985.
29. Криминология: Учебник для вузов / под ред. проф. В.Д. Малкова. М., 2006.
30. Кудрявцев В.Н. Причины правонарушений. М., 1976.
31. Кузнецова Н.Ф. Проблемы криминологической детерминации. М., 1984.
32. Гаухман Л.Д. Уголовная ответственность за организацию преступного сообщества (преступной организации): комментарий // Л.Д.Гаухман, С.В. Максимов. – М.: «ЮрИнфоР»,1997; Миненок М.Г.,

Миненок Д. М. Корысть: криминологические и уголовно-правовые проблемы. СПб., 2001.

33. Криминология / под ред. В.Н. Кудрявцева, В. Е. Эминова. М., 2002.

34. Сычев Ю. В. Микросреда и личность. М., 1974; Антоян Ю.М. Социальная среда и формирование личности. М., 1975; Механизм преступного поведения. М., 1981.

35. Старков О.В. Взаимодействие личности преступника и криминогенной ситуации в причинном механизме бытового насильственного преступления // Проблемы криминологии и профилактики правонарушений. М., 1980.

36. Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях. М., 1939. С. 123.

37. Монтескье Ш.Л.: Избранные произведения о духе законов // (<http://lex.am/docs/sharle.pdf>)

38. Криминология: учебник // под ред. В.Н. Кудрявцева В.Е. Эминова. М., 1995.

39. Боголюбова Т. А. Современные проблемы теории предупреждения преступности в российском обществе: сборник материалов круглого стола / под общ.ред. Т. Л. Козлова. М., 2014.

40. Криминология: учебник под. ред. Кузнецова Н.Ф. М., 2008.

41. Боков А.В. Организация борьбы с преступностью. Монография. М., 2003.; Долгова А.И. Проблемы разработки стратегии борьбы с преступностью // Преступность: стратегия борьбы. М., 1997 г.

42. Криминология: Учебник // Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, В.В. Лунеева. М., 2004.

43. Криминология. Учебник // Аванесов Г.А. М., 1984.

44. Михайленко П.П., Гельфанд И.А. Предупреждение преступлений – основа борьбы за искоренение преступности. М., 1964.

45. Малков В. Д. Указ.соч.

46. Лекарь, А.Г. Профилактика преступлений / А. Г. Лекарь. М., 1972.; Зелинский А.Ф. Значение нормы уголовного права для предупреждения преступлений: автореф. дис. канд. юрид. наук: 12.00.08 - М., 1966.

47. Алексеев А. И., Герасимов С. И., Сухарев А. Я. Криминологическая профилактика: теория, опыт, проблемы. М., 2001.

48. См.: Герасимов С. И. Концептуальные основы и научно-практические проблемы предупреждения преступности: дис. ... д-ра юрид. наук. М., 2001.; Клейменов М. П. Криминология. М., 2014.; Козаченко И.Я., Корсаков К. В. Криминология. М., 2014; Аванесов Г.А. Криминология. М., 1984.

49. Алексева Е.А. Предупреждение квартирных краж в России и за рубежом: сравнительное криминологическое исследование: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08 – Омск, 2013.

50. Ширяев А.С. Криминологическая характеристика современных краж и их предупреждение: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08 – Ростов-на-Дону, 2006.

51. Криминология: учебник для вузов // под ред. проф. В.Д. Малкова. М., 2006.; Криминология: учебник // под ред. В.Н.Кудрявцева и В.Е.Эминова.

М., 2009.; Криминология: Учебник для вузов // Под общ.ред. д.ю.н., проф. А.И.Долговой. М., 2005.

52. Алексеев А.И., Герасимов С.И., Сухарев А.Я. Криминологическая профилактика: теория, опыт, проблемы. М., 2001.

53. Теоретические основы предупреждения преступности. М., 1977.

54. Предупреждение преступлений и административных правонарушений органами внутренних дел / Под ред.: Кикотя В.Я., Лебедева С.Я. М., 2009.

55. Теоретические основы предупреждения преступности на современном этапе развития российского общества [Текст] : монография / Под общ.ред. Р.В. Жубрина; Акад. Генеральной прокуратуры Российской Федерации. - Москва : Проспект, 2016.

56. Стратегии и программы Республики Казахстан. Официальный сайт Президента Республики Казахстан // (http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs).

57. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // Әділет нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>).

58. Головкина Н., Потоцкий А. Зарубежный опыт разработки программ профилактики правонарушений. М.: Юридический архив. 2014; Васьков М.Ю., Князев В.В., Сазонова Н.И., Свешникова И.Ю. Участие полиции зарубежных стран в профилактике преступности. М., 2007.

59. Закон от 9 июля 2004 года № 590-ІІ «Об участии граждан в обеспечении общественного порядка» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.11.2015 г.)/Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. Официальный сайт. (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000590>).

60. Организация взаимосвязей в мясном подкомплексе ФР // Информ. мат. М., 1991 № 329 (91).

61. ҚР Инвестициялар және даму министрінің «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылдың 30 сәуіріндегі № 546 бұйрығы.

62. ШҚО, Көкпекті ауданының №2 аудандық сотының 13.11.2020 жылғы үкімі.

63. ШҚО прокуратурасының 2021 жылдың 1 тоқсаны көлемінде мал ұрлығына қатысты жүргізген талдауының нәтижесі.

64. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы // (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>).

65. Методические рекомендации по проверке законности предоставления пастбищных угодий, эффективности контроля по выявлению неиспользуемых пастбищ и их вовлечение в хозяйственную деятельность.

66. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 29.04.2020 ж. №145 бұйрығы // (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020540>).

67. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту туралы» 24.01.2008 жылғы N 28 Бұйрығы // (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005145>).

68. Солтүстік Қазақстан облысының 26.08.2020 жылы ҚР БП-ның атына жазған №2-14-20-05473 ақпараттық хаты // (ИС Қадағалау) ақпараттық жүйесі.

69. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы «Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» N 367 бұйрығы //

70. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі N 199-V «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы // (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>).

71. Воронин Ю. А. Предупреждение преступности в зарубежных странах. Вестник Челябинского государственного университета. 2012. № 27 (281).

72. С нового года в РК заработают новые общественные советы, а часть существующих упразднят // Сетевое издание Zakon.kz. (<http://www.zakon.kz/4762561-s-novogo-goda-vrk-zarabotajut-novye.html>).

73. Сибирский юридический вестник. 2001. № 4.

74. Касымов рассказал, сколько в Казахстане полицейских // (<https://365info.kz/2016/05/25-tysyach-sotrudnikov-rabotaet-v-mestnoj-politsii-kazahstana>)

ҚОСЫМША

Бұл сауалнама, еліміздегі мал ұрлығы қылмысының алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысты Сіздердің пікірлеріңізді білуге арналған.

Сіздерден, мал ұрлығы қылмыстарының негізгі себептерін анықтауға, олардан шығу жолдарын қарастыруға, тиімді әдістерді қалыптастыруға, заңнамада ескерілмей қалған тұстары бойынша өзгерістер мен толықтыруларды жүйелеуге ат салысуларыңызды сұраймын.

Сондықтан, сауалнама қорытындысының толық және нақты болуы тікелей Сіздерге байланысты.

Сіздердің жауап берулеріңізге ыңғайлы болуы үшін сауалнама қарапайым тілде және өзекті мәселелер төңірегінде ықшамдалып құрастырылған.

1. Соңығы 5 жылда еркін жайылымнан жылқы, ірі қара немесе ұсақ малдарыңыз жоғалдыма?

- Жоқ.
- Иә, 1-10 бас аралығында.
- Иә, 10-100 бас аралығында.
- Иә, 100 ден жоғары.

2. Мал жоғалу дерегі бойынша полицияға арыздандыңызба?

- Жоқ, өзім іздедім бірақ таппадым.
- Жоқ, өзім іздеп тауып алдым.
- Иә, бірақ таба алмады.
- Иә, тауып берді.
- Иә, тауып берді, бірақ толық емес.

2. Еркін жайылымнан малыңыз жоғалғанда Сіздің арызыңызбен тіркелген қылмыстық іс бойынша қандай шешім қабылданды?

- Өзім қарамай жоғалтқандықтан, істі қылмыс құрамының болмауына байланысты қысқарту туралы .
- Қылмыскер анықталып, мал табылғанша істі өндірістен уақытша тоқтата тұру туралы.
- Сіздің нұсқаңыз?

3. Соңығы 5 жылда қораңыздан жылқы, ірі қара немесе ұсақ малдарыңыз ұрландыма?

- Жоқ.
- Иә, 1-10 бас аралығында.
- Иә, 10-100 бас аралығында.
- Иә, 100 ден жоғары.

4. Мал ұрлану дерегі бойынша полицияға арыздандыңызба?

- Жоқ, өзім іздедім бірақ таппадым.
- Жоқ, өзім іздеп тауып алдым.
- Иә, бірақ таба алмады.
- Иә, тауып берді.
- Иә, тауып берді, бірақ толық емес.

5. Мал ұрлығы қылмысы үшін 2020 жылы қылмыстық жауаптылық күшейтілгенінен білесізбе?

- Иә.
- Жоқ.

7. Малыңызды ақылы түрде бағатын бақташыға қосасызба?

- Иә, қосамын.
- Жоқ, өзім жаямын.
- Жоқ, малдарым еркін жайылымда.
- Жоқ, ай сайынғы ақысы қымбат, сол үшін еркін жайылымда.
- Жоқ, ай сайынғы ақысы қымбат, сол үшін өзім жаямын.
- Ауыл тұрғындарымен кезектесіп жаямыз.
- Ақылы түрде жаятын бақташы жоқ, сол үшін өзім жаямын.
- Ақылы түрде жаятын бақташы жоқ, сол үшін еркін жайылымда..

8. Егер, бақташыға төленетін ай сайынғы ақының 50 пайызы бюджеттен субсидияланатын болса (төленсе) малыңызды қосасызба?

- Иә, қосар едім.
- Жоқ, бақташыға төлегенше өзімнің жайғаным тиімдірек.
- Жоқ, еркін жайылымға жібергенім әлдеқайда жақсы.
- Мен үшін айырмашылық жоқ.

9. Сіз тұратын елді мекенде мал жаятын жерлердің жетіспеу мәселесі барма?

- Иә.
- Жоқ.
- Жауап бере алмаймын.

10. Сіз тұратын елді мекенде малының саны аз, бірақ үлкен көлемдегі жерді пайдаланып отырған немесе мал жаятын жерін жалға беріп ақы алып отырған тұлғалар барма?

- Иә.
- Жоқ.
- Жауап бере алмаймын.

11. 2020 жылдың сәуір айынан бастап мал жаю тәртібін бұзғаныңыз үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 408 бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылдыңызба?

- *Иә, бір рет тартылдым.*
- *Иә, бір жылда екі рет тартылдым.*
- *Жоқ.*

11. Меншігіңіздегі жылқыларыңыз толықтай таңбаланғанба?

- *Иә, толық таңбаланған.*
- *Толық таңбалауға мүмкіндік жоқ.*
- *Таңбалауды қажет деп санамаймын.*

12. Меншігіңіздегі жылқыларыңызды 1 жасқа жетпей ауылшаруашылық малдарын бірдейлендіру (ИСЖ) ақпараттық жүйесіне енгізу үшін мал дәрігеріне арызбен жүгінесізбе?

- *Иә.*
- *Жоқ.*
- *Қажет деп санамаймын.*
- *Сіздің нұсқаңыз?*

13. Жылқыны таңбалаудың қай әдісін қолдайсыз?

- *Суық таңбалау, яғни азотты.*
- *Ыстық таңбалауды.*
- *Таңбалау қажет емес.*
- *Сіздің нұсқаңыз?*

14. Сіз тұратын елді мекен әкімдік тарапынан мал сою пункттерімен қамтамасыз етілгенбе?

- *Иә.*
- *Жоқ.*

15. Сатылған немесе сойылған малды тасымалдау үшін есептен шығару, анықтама алу қиындық туғызама?

- *Иә.*
- *Жоқ.*
- *Сіздің нұсқаңыз?*

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін Сізге алғысым шексіз!

Егерде, өзіңіздің тарапыңыздан мал ұрлығының алдын алуға қатысты қандайда бір пікіріңізбен алып қосарыңыз болса +7 775 490 58 38 нөміріне қоңырау шалуыңызға немесе көрсетілген нөмірге WhatsApp немесе Телеграм мессенджері арқылы хабарлама жолдауыңызға болады.

Сіздердің пікірлеріңіз мен үшін өте маңызды.